

"Атом энергиясын пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 747 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 811 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 43 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 12 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 қаңтарда № 31816 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 747 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 811 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12678 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**"

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес атом энергетикалық станцияларын, ядролық отын және оның құрамдастарын дайындау қондырғыларын, зерттеу ядролық (атом) реакторларын және термоядролық реакторларды пайдаланатын субъектілерге қатысты тексеруді жүргізуге арналған атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парагы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес табиғи уран өндіру және өндөу қондырғыларын, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтарды сактау пункттерін, радионуклидті көздерді сактау пункттерін, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін, пайдаланылып болған радионуклидті көздерді көму пункттерін пайдаланатын субъектілерге және изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, радиофармпрепараттармен, нейтрон генераторларымен, құрамында уран бар заттармен,

құрамында торий бар заттармен, табиғи уранның қайта өндөлген өнімдерімен, активтілігі көрсетілген жабық радионуклидті көздермен, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтармен, радиоизотоптық спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен, өлшеуіштермен, стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптармен, көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптармен, қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылармен, энергиясы 10 мегаэлектроновольттан жоғары электрондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектроновольт/нуклонға дейін иондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектроновольт/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштермен, медициналық гамма-терапиялық қондырғылармен, медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдықмен, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдаумен, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеумен, стационарлық рентгендік дефектоскоптармен, көшпелі рентгендік дефектоскоптармен, энергиясы 10 мегаэлектроновольтқа дейін электрондарды үдеткіштермен қызметін жүзеге асыратын және атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсететін субъектілерге қатысты тексеруді жүргізуге арналған атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парагы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес рентгендік спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен, өлшеуіштермен, қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған рентген жабдығымен, адамды жеке-дара жете тексеруге арналған рентген жабдығымен, зарядталған бөлшектерді медициналық үдеткіштермен, жалпы мақсаттағы медициналық рентген қондырғыларымен, медициналық рентгендік дентальдық жабдықпен, медициналық рентгендік маммографиялық қондырғылармен, медициналық рентгендік ангиографиялық жабдықпен, медициналық компьютерлік рентгендік томографтармен, медициналық рентгендік терапиялық жабдықпен, медициналық рентгендік симуляторлармен қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарында және басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау қызметін жүзеге асыратын субъектілерге қатысты тексеруді жүргізуге арналған атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парагы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес атом энергетикалық станцияларын, ядролық отын және оның құрамдастарын дайындау қондырғыларын, зерттеу ядролық (атом) реакторларын және термоядролық реакторларды пайдаланатын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық

бақылауды жүргізуге арналған атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес табиғи уран өндіру және өңдеу қондырғыларын, активтілігі жоғары, орташа және төмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттерін, радионуклидті көздерді сақтау пункттерін, активтілігі жоғары, орташа және төмен радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін, пайдаланылып болған радионуклидті көздерді көму пункттерін пайдаланатын субъектілерге және изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, радиофармпрепараттармен, нейтрон генераторларымен, құрамында уран бар заттармен, құрамында торий бар заттармен, табиғи уранның қайта өнделген өнімдерімен, активтілігі көрсетілген жабық радионуклидті көздермен, активтілігі жоғары, орташа және төмен радиоактивті қалдықтармен, радиоизотоптық спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен, өлшеуіштермен, стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптармен, көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптармен, қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылармен, энергиясы 10 мегаэлектронновольттан жоғары электрондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронновольт/нуклонға дейін иондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронновольт/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштермен, медициналық гамма-терапиялық қондырғылармен, медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдықмен, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдаумен, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеумен, стационарлық рентгендік дефектоскоптармен, көшпелі рентгендік дефектоскоптармен, энергиясы 10 мегаэлектронновольтқа дейін электрондарды үдеткіштермен қызметін жүзеге асыратын және атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсететін бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылауды/тексеруді жүргізуге арналған атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парағы бекітілсін.";

1, 2 және 3-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес 4, 5, 6-қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Б. Акчулаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 30 қаңтардағы

№ 12 мен

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2023 жылғы 30 қаңтардағы
№ 43 Бірлескен бұйрыққа

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 747 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 811 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) атом энергиясын пайдалану

саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес өзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі - атом энергиясын пайдалану объектілерімен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;

2) болмашы бұзушылық – елеулі және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын, алайда жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне залал келтіруге алып келетін талаптарды бұзушылық;

3) елеулі бұзушылық – адам денсаулығына зиян келтіруге алып келетін талаптарды бұзушылық;

4) өрескел бұзушылық – артық сәулеленуге, аумақтың және қоршаған ортаның радиациялық ластануына және (немесе) иондаушы сәулелену көздерін басқаруды жоғалтуға әкеп соғатын ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарын (бұдан әрі – талаптар) бұзушылық;

5) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортага, жеке және занды тұлғалардың занды мұдделеріне, мемлекеттің мүліктік мұдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін

(объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.

3. Өлшемшарттар тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті және субъективті өлшемшарттары арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттарды анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

5. Тәуекелді анықтау келесі өлшемшарттардың бірін есепке ала отырып анықталады :

1) объектінің қауіптілік (курделілік) деңгейі;

2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлар ауырлығының, зиянның ауқымы;

3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

6. Жоғары тәуекел дәрежесі тобына төмендегі атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілер (объектілер) мен қызмет жатады:

атом энергетикалық станциялары;

ядролық отын және оның құрамдастарын дайындау қондырғылары;

зерттеу ядролық (атом) реакторлары;

термоядролық реакторлары.

7. Орташа тәуекел дәрежесінің тобына төмендегі атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілер (объектілер) және қызмет жатады:

табиғи уран өндіретін және өндейтін қондырғылар;

активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;

активтілігі орташа радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;

активтілігі төмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;

радионуклидті көздерді сақтау пункттері;

активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;

активтілігі орташа радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;

активтілігі төмен радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;

пайдаланылған радионуклидті көздерді көму пункттері;

изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдар;

радиоактивті заттар;

радиофармпрепараттар;

нейтрон генераторлары;

құрамында уран бар заттар;

құрамында торий бар заттар;

табиғи уранның қайта өнделген өнімдері;

белсенділігі көрсетілген жабық радионуклидті көздер;
активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтар;
активтілігі орташа радиоактивті қалдықтар;
активтілігі төмен радиоактивті қалдықтар;
радиоизотоптық спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштер;
стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптар;
көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптар;
қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылар;
энергиясы 10 мегаэлектронновольттан (бұдан әрі – МэВ) жоғары электрондарды үдеткіштер;
энергиясы 2 МэВ/нуклонға дейін иондарды үдеткіштер;
энергиясы 2 МэВ/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштер;
медициналық гамма-терапиялық қондырғылар;
медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдық;
ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау;
радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу;
стационарлық рентгендік дефектоскоптар;
көшпелі рентгендік дефектоскоптар;
энергиясы 10 МэВ дейін электрондарды үдеткіштер;
атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету.

8. Төмен тәуекел дәрежесінің тобына төмендегі атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілер (объектілер) және қызмет жатады:

рентгендік спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштер;
қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған рентген жабдығы;
адамды жеке-дара жете тексеруге арналған рентген жабдығы;
зарядталған бөлшектерді медициналық үдеткіштер;
жалпы мақсаттағы медициналық рентген қондырғылары;
медициналық рентгендік дентальдық жабдық;
медициналық рентгендік маммографиялық қондырғылар;
медициналық рентгендік ангиографиялық жабдық;
медициналық компьютерлік рентгендік томографтар;
медициналық рентгендік терапиялық жабдық;
медициналық рентгендік симуляторлар;
ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау;

жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызмет;

ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау.

9. Жоғары немесе орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

6-тармақта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет үшін тексерулер жүргізуіндің кезеңділігі жылына бір реттен жиі, 7-тармақта көрсетілген тексерулер екі жылда бір реттен жиі, 8-тармақта көрсетілген тексерулер үш жылда бір реттен жиі жүргізілмейді.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

10. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана готырып жүзге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамаларын бұзатын бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тексеру және бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;
- 2) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдынғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;
- 4) тәуелсіз ұйымдар аудитінің (сараптамасының) нәтижелері (энергия аудиті, энергетикалық сараптама, жою кезіндегі тәуелсіз аудиті, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы).

Талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргіз мақсатында тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;
- 2) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер нәтижелері;
- 3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

12. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

13. Бақылау және қадағалау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100-ге теңестіріледі және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылығы бойынша жиынтық көрсеткіш есептелінеді.

Елеулі бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формуламен есептелінеді:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7$$

Мұндағы:

SP₃ – елеулі бұзушылық көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтың қажетті мөлшері;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтың саны.

Болмашы бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формуламен есептелінеді:

$$SP_n = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

SPн – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың қажетті мөлшері;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкілмен есептелінеді және елеулі және болмашы бұзушылық көрсеткіштерін қосу арқылы мынадай формуламен анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_{\text{н}}$$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылық көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылық көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алған мәні кәсіпкерлік субъектісін мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызуға негіз болып табылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) орташа тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

3) төмен тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

14. Атом энергетикалық станцияларын, ядролық отын және оның құрамдастарын дайындау қондырғыларын, зерттеу ядролық (атом) реакторларын және термоядролық реакторларды пайдаланатын субъектілерге қатысты тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 1-қосымшада келтірілген;

Табиғи уран өндіру және өндеу қондырғыларын, активтілігі жоғары, орташа және төмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттерін, радионуклидті көздерді сақтау пункттерін, активтілігі жоғары, орташа және төмен радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін, пайдаланылып болған радионуклидті көздерді көму пункттерін пайдаланатын субъектілерге және изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, радиофармпрепараттармен, нейтрон генераторларымен, құрамында уран бар заттармен, құрамында торий бар заттармен, табиғи уранның қайта өндөлген өнімдерімен, активтілігі көрсетілген жабық радионуклидті көздермен, активтілігі жоғары, орташа және төмен радиоактивті қалдықтармен, радиоизотоптық спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен, өлшеуіштермен, стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптармен, көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптармен, қол жүгін, бағажды, көлікті, материалдарды,

заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылармен, энергиясы 10 мегаэлектронновольттан жоғары электрондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронновольт/нуклонға дейін иондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронновольт/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштермен, медициналық гамма-терапиялық қондырғылармен, медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдықмен, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдаумен, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеумен, стационарлық рентгендік дефектоскоптармен, көшпелі рентгендік дефектоскоптармен, энергиясы 10 мегаэлектронновольтқа дейін электрондарды үдеткіштермен қызметін жүзеге асыратын және атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсететін субъектілерге қатысты тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 2-қосымшада келтірілген;

Рентгендік спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен, өлшеуіштермен, қол жүгін, бағажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған рентген жабдығымен, адамды жеке-дара жете тексеруге арналған рентген жабдығымен, зарядталған бөлшектерді медициналық үдеткіштермен, жалпы мақсаттағы медициналық рентген қондырғыларымен, медициналық рентгендік дентальдық жабдықпен, медициналық рентгендік маммографиялық қондырғылармен, медициналық рентгендік ангиографиялық жабдықпен, медициналық компьютерлік рентгендік томографтармен, медициналық рентгендік терапиялық жабдықпен, медициналық рентгендік симуляторлармен қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумактарында және басқа да аумактарда қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау қызметін жүзеге асыратын субъектілерге қатысты субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 3-қосымшада келтірілген.

15. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелей және бұзушыларға бақылау мен қадағалауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

16. Бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау және қадағалау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары

тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін үйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

17. Кодекстің 141-бабының 10-тармағына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін үйымның мүшесіне (қатысушысына) мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен өзін-өзі реттейтін үйым қызметінің нәтижелерін тану туралы жасалған келісімді ескере отырып, жеңілдететін индикатор ретінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында осында мүшеліктің (қатысудың) болу фактісі ескеріледі.

18. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мақсатында жеңілдететін индикаторлар ескеріледі.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен басқа да бекіту құрылғыларының болуы жатады.

19. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындағы негіздер көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің, сараптамалардың қолданылатын баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талапқа сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мүмкін болады.

Атом энергиясын пайдалану
саласындағы субъектілердің
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Атом энергетикалық станцияларын, ядролық отын және оның құрамдастарын дайындау қондырғыларын, зерттеу ядролық (атом) реакторларын және термоядролық реакторларды пайдаланатын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін субъективті өлшемшарттары

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Бақылау және кадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1.	Ядролық зерттеу қондырғысының (ЯЗҚ) жобасын жасаушылармен, атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілдегі органмен келісілген және ЯЗҚ әкімшілігімен бекітілген ЯЗҚ (ҚТЕ) қауіпсіздігін талдау бойынша есептің болуы	Өрескел
2.	Жобалау ұйымымен, уәкілдегі органмен келісілген ЯЗҚ әкімшілігімен бекітілген ЯЗҚ пайдаланудың технологиялық регламентінің болуы	Өрескел
3.	Зерттеу реакторының өзекті паспортының және (немесе) қритстенд паспортының болуы	Өрескел
4.	Реактор қондырғысында авария болған жағдайда персонал мен халықты қорғау және оның зардаптарын жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы	Елеулі
5.	Жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, қайта тиесу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұскаулықтың болуы	Өрескел
6.	Ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдықтар мен жүйелердің сипаттамасын қамтитын техникалық құжаттаманың болуы	Елеулі
7.	Жедел құжаттаманың болуы (жедел журналдар, картограммалар журналдары және т. б.)	Елеулі
8.	Реактор қондырғысының бақылау-өлшеу аспаптары мен басқару және қорғау жүйесінің (БҚЖ) сынау актілері мен хаттамаларының болуы	Елеулі
9.	Жедел персоналдың және бақылаушы физиктердің емтихан тапсыру хаттамаларының болуы	Елеулі
	Жұмыс орындарына емтихан тапсырған жедел персоналды	

10.	жұмысқа жіберу туралы ЯЗҚ басшысының бүйректерінің болуы	Болмашы
11.	ЯЗҚ өкімшілігі бекіткен реактордың жедел персоналының лауазымдық нұсқаулықтарының және бакылаушы физик туралы ереженің болуы	Елеулі
12.	Жүйелер мен жабдықтарды сыйнау актілері мен хаттамаларының болуы	Елеулі
13.	Авариялық дайындық және аварияға қарсы дең қою жоспарының болуы	Өрескел
14.	Ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі және персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-кимылдары бойынша нұсқаулықтардың болуы	Елеулі

Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері

15.	Пайдаланудың барлық режимдерінде нейтрондар ағынының тығыздығын бақылау құралдарының болуы. Оның ішінде ЯЗҚ белсенді аймағына тиесу (қайта тиесу) кезінде.	Өрескел
16.	Жабдықтарды диагностикалауды қамтамасыз ететін құралдардың немесе әдістердің және қауіпсіздікке әсер ететін жүйелерді автоматтандыру құралдарын болуы.	Елеулі
17.	ЯЗҚ операторын ақпараттық қамтамасыз ету құралдарының болуы	Елеулі
18.	Бірінші контурдың жылу тасымалдағышының және эксперименттік ілмектердің радиоактивтілігін, радионуклиидтердің шығарындылары мен төгінділерін, сондай-ақ ЯЗҚ үй-жайлары мен аланындағы радиациялық жағдайдың бақылауының болуы	Өрескел
19.	Гетерогенді ЗР жылу тасымалдағышынын (баяулатқыштың), шектік құрастырмаларды баяулатқыштың, гомогенді зерттеу реакторының (Өрескел

	3Р) ядролық материал (ЯМ) ерітіндісінің ағып кетуінің бақылауының болуы	
20.	Жылу тасымалдағыштың сапасын бақылау қамтамасыз етілді	Елеулі
21.	ҚҚЖ іске қосылуы қалыпты пайдалану жүйелері жабдықтарының істен шығуына әкелмейді.	Өрескел
22.	Тоқтату жүйесі кіші жүйелерді қамтиды, олардың біреуі немесе бірнешеуі реактордың (шектік стендтің) шектен төмен жай-күйіне (авариялық қорғанысқа) жылдам аудисуд қамтамасыз етеді.	Өрескел
23.	Герметикалық үй-жайлар, сыйымдылықтар, радиоактивті заттармен жұмыс істеуге және сактауға арналған тұғырықтар түрінде жұмыс істейтін қауіпсіздікті оқшаулау жүйелерінің болуы.	Өрескел
24.	Әрбір басқару қауіпсіздік жүйесі өзінің технологиялық параметрінің қауіпсіздік функцияларын орындалуы кемінде екі өлшеу арнасы бойынша болуы.	Елеулі
25.	БҚЖ тіркеу құралдарынан алынған деректер мынаны анықтау және тіркеу үшін жеткілікті: 1) ЯЗК-ты пайдалану шектерінің немесе қауіпсіз пайдалану шектерінің бұзылуына себеп болған бастапқы оқиға және оның туындау уақыты; 2) авариялардың даму процесіндегі технологиялық параметрлердің өзгеруі; 3) қауіпсіздік жүйелеріңің әрекеттері; 4) басқару пункті персоналының іс-қимылдары.	Өрескел
26.	Техникалық және бағдарламалық құралдардың істен шығуы және ҚБЖ зақымдануы кезінде басқару пунктінің пультіне сигналдардың пайда болуы.	Өрескел

27.	Электр көзінен ажыратылмайтын электр қабылдағыштардың тізбесі бар	Өрескел
28.	Авариялық электрмен жабдықтау жүйесінің дербес коректендіру көздерінің болуы.	Өрескел
29.	Авариялық электрмен жабдықтау жобалық және жобадан тыс авариялар кезінде қауіпсіздік функцияларының орындауды қамтамасыз етеді	Өрескел
30.	<p>Технологиялық процесті, қалыпты пайдалану жүйелерін және қауіпсіздік жүйелерін автоматтандырылған басқару жүзеге асырылатын ЯЗҚ басқару пунктінде мыналар қарастырылған:</p> <p>1) ядролық отынды тиесу (қайта тиесу) жөніндегі операцияларды коса алғанда, ЯЗҚ-ты пайдаланудың барлық режимдерінде нейтрондар ағыны тығыздығының деңгейін және оның өзгеру жылдамдығын бақылау күралдары;</p> <p>2) нейтрондар ағыны тығыздығының деңгейін басқару күралдары;</p> <p>3) БҚЖ жұмыс органдары жағдайының көрсеткіштері және тоқтату жүйелерінің жай-күйін бақылау күралдары;</p> <p>4) ЯЗҚ-ты пайдаланудың барлық режимдерінде жедел негізделген шешімдер қабылдау үшін көлемі мен сапасы жеткілікті болатын ЯЗҚ-тың ағымдағы жай-күйи туралы акпаратты басқару пунктінің персоналына беруді қамтамасыз ететін жүйелері;</p> <p>5) ескерту және авариялық сигнал беру күралдары.</p>	Өрескел
31.	Негізгі басқару пунктінен ЗР жүйелерін басқару мүмкіндігі болмаған жағдайда пайдаланылатын резервтік басқару пунктінің болуы.	Өрескел
	Резервтік басқару пунктінен персоналдың мынадай функцияларды орындау мүмкіндігі қамтамасыз етілген:	

32.	1) ЗР-ді шектен төмен жағдайға ауыстыру; 2) ЯЗҚ жобасында айқындалған жағдайларда ЗР-ды авариялық салқынданту; 3) аварияны жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде ЗР жай-күйін және радиациялық жағдайды бақылауды қамтиды.	Өрекел
33.	Эксперименттік зерттеулердің жалпы бағдарламасының болуы	Елеулі
34.	Зерттеудің әрбір кезеңі үшін жұмыс бағдарламасының болуы	Елеулі
35.	Жобада белгіленген санына, біліктілік деңгейіне және тәжірибесіне сәйкес барлық санаттағы персоналмен жинақтау қамтамасыз етілген.	Елеулі
36.	Уақытша тоқтату режимінде техникалық қызмет көрсетуді жүргізу нұсқаулықтарының, бағдарламалары мен графіктерінің болуы	Елеулі
37.	Үәкілдепті органда тіркелген 1 және 2-қауіпсіздік сыныбындағы жабдықтар мен құбырлар тізбесінің болуы	Елеулі
38.	Конструкциялық ерекшеліктері немесе радиациялық жағдайы бойынша ішкі (сыртқы) карап-тексеріп үшін қолжетімсіз (немесе шектеулі қолжетімді) жабдықтар тізбесінің болуы (Көрсетілген тізбе үәкілдепті органмен келісілуі тиіс)	Елеулі
39.	1 және 2-қауіпсіздік сыныбының жабдықтары мен құбыржолдарын қадағалауды жузеге асыратын адамды тағайындау туралы ЯЗҚ әкімшілігінің бұйрығының болуы	Елеулі
40.	1 және 2-қауіпсіздік сыныбының жабдықтары мен құбыржолдарының жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адамды тағайындау туралы ЯЗҚ әкімшілігінің бұйрығының болуы.	Елеулі
41.	Пайдалануши ұйым әзірлейтін және 5 (бес) жылда кемінде 1 (бір) рет немесе ядролық физикалық қауіпсіздіктің көзделмеген	Өрекел

	кательлері туындаған кезде дереу қайта қаралатын жергілікті жобалық кательдің болуы.	
42.	Ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әзірленген және бекітілген жоспарының болуы	Өрескел
43.	Ядролық объектінің күзету және ден қою күштерінің тікелей бақылау-өткізу режимін жүзеге асыруының болуы	Өрескел
44.	Ядролық материалдар мен ядролық қондырыларды физикалық қорғау бөлімшесіне жүктелген санатталған және режимдік үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыштарды күзетке қоюға және күзеттен алып тастауға қатысты бөлігінде бақылау-өткізу режимі, сондай-ақ объектішілік режим рәсімдерінің орындалуын ұйымдастыру мен бақылаудың болуы	Өрескел
45.	Объектішілік режимнің орындалуын ұйымдастырудың және бақылаудың болуы, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшеге жүктелген ядролық қондырыларда бақылау-өткізу режимі бойынша бланкілерді, рұқсаттамалар мен мөрлерді әзірлеу	Өрескел
46.	Іс жүзінде санкцияланбаған қол жеткізуге, санкцияланбаған алып қоюға немесе диверсияға байланысты оқиға болған жағдайда, төтенше жағдайларда ден қою жоспарына сәйкес уәкілетті органды, сондай-ақ басқада мемлекеттік органдарды 1 (бір) сағат ішінде хабардар етудің, сондай-ақ уәкілетті органға оқиғаның себептері туралы есепті 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға оқиға себептері, оның мән-жайлары мен салдарлары туралы, сондай-ақ колданылған немесе колданылатын түзету шаралары туралы есепті табыс етудің болуы	Өрескел

47.	Сигнализациямен жарақтандырудың және ішкі және аса маңызды аймақтарға кіру нүктелерін (өту жолдарын) күзетуге қоюдың болуы	Өрескел
48.	Ядролық материалдарға қол жеткізуі бақылайтын компьютерлік жүйелерді қоса алғанда, кілттерге, кілт карточкаларына және (немесе) басқа жүйелерге рұқсаты бар немесе оларды пайдалануға алған барлық тұлғалардың тіркелуі	Өрескел
49.	Ядролық материалдарға немесе ішкі аймақтарға кіруді бақылайтын компьютерлік жүйелерді қоса алғанда, ішкі және аса маңызды аймақтарға колжетімділігі бар барлық тұлғалардың және кілттерге, кілт карточкаларына және (немесе) басқа жүйелерге колжетімділігі бар немесе оларды пайдалануға алған барлық тұлғалардың тіркелуі	Өрескел
50.	Материалды алуға кедергі келтіретін анықтау мен кідіртудің қосымша шептерін қамтамасыз ететін аса маңызды аймақтағы нығайтылған (сейфтік) үй-жайда немесе нығайтылған камерада (конструкцияда) I санаттагы ядролық материалдарды сактауды қамтамасыз етудің болуы.	Өрескел
51.	Коргалған аймакта орналасқан орталық басқару пунктінің болуы.	Өрескел
52.	Дабыл сигнализациясы жабдығының, сигнализация жүйесінің байланыс арналарының және орталық басқару пунктінің үздіксіз коректендіру көздерімен және санкцияланбаған мониторинг, айла-шарғы жасау және бұрмалау жолымен араласудан қорғаумен қамтамасыз етілуінің болуы	Өрескел
53.	Авариялық жағдайлар кезінде негізгі коректен жедел ауыстырып косуды қамтамасыз ететін электрмен коректендіруді қамтамасыз ету жүйесінде көзделген коректендірудің	Өрескел

	автоматты резервтік жүйесінің орталық басқару пунктінің болуы	
54.	Қауіптерге қарсы іс-қимылдың сенімділігі мен тиімділігін айқындау мақсатында функционалдық сынақтарды, физикалық қорғау шараларын және физикалық қорғау жүйесін коса алғанда, тұрақты бағалау жүргізудің, оның ішінде күзет және дең қою күштерінің уақтылы дең қоюының болуы	Өрескел
55.	Ден қою күштерінің ядролық материалды санкцияланбаған алып қоюға дең қою және болдырмау жөніндегі міндеттерді тиімді және уақтылы орындау қабілеттін айқындау мақсатында екіжақты оку-жаттығуларды коса алғанда, оку-жаттығулар өткізу арқылы жылына кемінде бір рет ядролық материалдарды физикалық қорғау жүйесінің функционалдық сынақтарын жүргізу	Өрескел
56.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарымен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылда өзірленген, уәкілдепті органмен келісілген жергілікті жобалық қатердің болуы	Өрескел
57.	3 (үш) жылда кемінде бір рет мемлекеттік органдардың есепке алу базалары бойынша тексеру іс-шараларының жүзеге асыру.	Өрескел
58.	Мемлекеттік органдардың есепке алу базалары бойынша тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша теріс нәтиже алған персоналдың ядролық материалдармен және табиғи уранмен жұмыс істеуге жіберілмеуі	Өрескел
	Ядролық объектінің аумағына, күзетіletіn fимараттарға тұрақты немесе алмалы-салмалы торлармен, қақпактармен, жабылатын құрылғылары бар есіктер арқылы кіруге болатын	

59.	күдықтар, люктер, тесіктер, шахталар, ашық құбырлар, арналар және басқа да осыған ұқсас құрылыстар түріндегі кіру немесе шығу жолдары бар жерасты және жерусті коммуникациялары жабдықтарының болуы. Тұрақты құрылғылар ашуға жатпайтын барлық коммуникацияларға орнатылады	Өрескел
60.	Диаметрі 250 миллиметрден (бұдан әрі – мм) асатын (қимасы 250x250 мм-ден асатын) барлық ойыктарда торлардың болуы.	Өрескел
61.	"А, Б және В" санатындағы үй-жайлары бар ғимараттардан барлық кіретін (шығатын) орындарында, сондай-ақ үй-жайлардың өздерінде екі жағынан қүшейтілген есік кораптары бар металл немесе металлмен қапталған есіктердің болуы	Өрескел
62.	"А, Б және В" санатындағы үй-жайлардың 1-ші және жертөле қабаттарында терезе ойыктарының аса маңызды аймақтарының болмауы	Өрескел
63.	Екінші қабаттардың терезелері, сондай-ақ кез келген басқа қабаттың терезелері, егер олар шектес санатталмаған үй-жайлар мен дәліздерге шықса немесе оларды пайдалана отырып санатталған үй-жайларға өтуге болатын өрт сатылары мен өзге де құрылыстардың жанында орналасса, диаметрі кемінде 15 мм және ұяшықтарының мөлшері 150x150 мм-ден аспайтын болат шыбықтардан жасалған торлардың болуы	Өрескел
64.	Kіру есіктерінің беріктігі "А және Б" санатындағы үй-жайларға кіретін есіктердің параметрлеріне тәпе-тең болуы.	Өрескел
65.	Аса маңызды аймақтар үй-жайларының терезе ойыктарында 150x150 мм ұяшықтарды құрайтын диаметрі кемінде 16 мм болат	Өрескел

	шыбықтардан жасалатын металл торлардың болуы	
66.	Барлық терезелері торлармен жабдықталған үй-жайларда олардың біреуі бұзылудан қорғалған аспалы құлпы бар жылжымалы немесе айқара ашылатын терезенің болуы	Өрекел
67.	Аса маңызды аймақтардың үй-жайларына кіру есіктерінің беріктігінің "B" санатындағы үй-жайларға тепе-тең болуы	Өрекел
68.	Аса маңызды аймақтар үй-жайларының кіреберіс есіктері мен тамбурының есіктерінде "B" санатындағы үй-жайлар үшін кемінде 25000 және "A" және "B" санатындағы үй-жайлар үшін кемінде 100000 код (кілт) комбинациясы бар электр механикалық және (немесе) механикалық құлыштардың болуы	Өрекел
69.	Kіру есіктерін, сондай-ак "A" санатындағы үй-жайлардың ішкі есіктерін жабу үшін құпиялылығы жоғары құлыштарды, екі жақты кілті бар сувальдты, екі және одан да көп қатарлы цилиндрлі штифтті кілттерді пайдалану. Сувальдты құлыштарда кемінде алты сувальд (симметриялық немесе асимметриялық) болады	Өрекел
70.	"B" санатындағы үй-жайлардың ішкі есіктерін жабу үшін құпиялылығы тәмен цилиндрлі-пластиналы және цилиндрлі штифтті бір қатарлы құлыштарды пайдалану	Өрекел
71.	Қол-слесарлық аспапты пайдалана отырып, оларды қасақана закымданудан қорғайтын қантамалардағы құлыштар механизмдерінің корытындысының және мөрлеудің (пломбаудың) болуы	Өрекел
72.	Терезе ойықтарының, бірінші қабаттың витриналарының "A" және "B" санатындағы үй-жайлардың параметрлеріне тепе-тең беріктігінің болуы	Өрекел
	Жедел жағдайы күрделі аудандарда оққа төзімді қорғаныш	

73.	шыныдан (қорғаныш пленкадан) жасалған, тесуге төзімді, адамның енүі үшін жеткілікті, салмағы 2 кг ауыр металл затпен кемінде 30-50 соққыға төзімді терезелер мен витриналардың болуы	Өрескел
74.	Шекарасы тыйым салынған аймақтың сыртқы қоршауы бойынша өтетін қорғалған аймақтың болуы	Өрескел
75.	Тыйым салынған аймақтың ені кемінде 15 м болуы	Өрескел
76.	Тыйым салынған аймақтың коммуникациялық эстакадалармен жер деңгейінен кемінде 5 м биіктікте қоршаудың үстінен тік бұрышқа жақын бұрышпен киылсысуның болуы	Өрескел
77.	Ядролық обьекті аумағының сыртқы қоршауының биіктігі кемінде 2,5 м, ал қар жамылғысының терендігі бір метрден асатын аудандарда кемінде 3 м темірбетон плиталардан немесе қалыңдығы кемінде 2 мм металл табақтан жасалады.	Өрескел
78.	Сыртқы қоршауының жоғарғы жиегінде қосымша орнатылған "егоза" түріндегі сымнан жасалған "күнқағардың" болуы.	Өрескел
79.	Сыртқы қоршауда жабылмайтын есіктердің, қақпалардың, кіші қақпалардың, сондай-ақ тесіктердің, ойықтардың және басқа да зақымданулардың болмауы	Өрескел
80.	Ғимараттардың бірінші қабаттарының, сондай-ақ одан кейінгі қабаттардың терезелерінде кірме күнқағарлардан, өрт сатыларынан және күзетілмейтін аумақта шығатын жапсарлас құрылыштардың шатырларынан қолжетімді қабаттардың терезелерінде күзеттің техникалық құралдары мен рольставн болуы, олар қажет болған жағдайларда жабылады не айқара ашылатын торлармен жабдықталады. Торлар	Өрескел

	150x150 мм ұяшыктарды құрайтын диаметрі кемінде 10 мм болат шыбықтардан дайындалады	
81.	Тыйым салынған аймақтың сыртқы қоршауының негізгі қоршаудан кемінде 5 м кашықтықта орналасуы.	Өрескел
82.	Орман екпелерінің, гимараттардың, құрылыштардың, жапсарлас құрылыштардың, жабдықтарды немесе материалдарды жинауга арналған аландардың сыртқы және ішкі жағынан негізгі қоршаудың периметріне жанасудың болмауы	Өрескел
83.	Тыйым салынған белдеу аймағының сыртқы және негізгі қоршауының арасында оқшаулау жолағының болуы	Өрескел
84.	Оқшаулау жолағында физикалық қорғаудың техникалық құралдарын қолдануды қынданаттын ешқандай құрылыштар мен заттардың болмауы	Өрескел
85.	Оқшаулау жолағы енінің кемінде 3 м болуы	Өрескел
86.	Негізгі қоршаудың ішкі жағынан бақылау-із кесу жолағы жабдығының болуы	Өрескел
87.	Бақылау-із кесу жолағының ядролық объектінің барлық периметрі бойынша өтуінің уздіксіз болуы	Өрескел
88.	Жасанды бақылау-із жолағының енін кемінде 3 м етіп орнату	Өрескел
89.	Табиғи бақылау-із жолағының енін кемінде 3 м етіп орнату	Өрескел
90.	Жасанды бақылау-із жолақтарын топырақпен жыртуудың немесе себудің болуы. Жер жырту тереңдігі (топырақ үйіндісінің биіктігі) кемінде 15 сантиметр	Өрескел
91.	Жырылған және үйілген бақылау-із жолақтарын тырмалау және олардың бетіне пішіндеушінің көмегімен толқын тәрізді пішінді жағу арқылы борпылдақ-мамық күйге келтіру	Өрескел
	Тыйым салынған аймақтың темір, тас және қара жолдармен, үйілген	

92.	бақылау-із жолақтарымен қылышу орындарының жабдықталуы	Өрекел
93.	Бақылау-із жолағында алшақтықты болдырмау үшін тыйым салынған аймақ ағындармен, сайлармен, жыралармен қылышатын жерлерде көпірлерді (төсемдерді) салу. Көпірлердің (төсемдердің) астындағы кеңістік инженерлік бөгеттермен жабылады және анықтау құралдарымен жабдықталады	Өрекел
94.	Тыйым салынған аймақтың ішкі коршауы мен наряд соқпағының бақылау-із жолағы арасында ені 0,8-1,0 м күзет және ден кою күштерінің қозғалысы үшін төсемнің болуы	Өрекел
95.	Нарядтар соқпағының мынадай түрде орындалуы: ағаш, асфальтталған, бетон немесе темірбетон жабыны бар топырақ үйінділері	Өрекел
96.	Техникалық күзет құралдары қолданылатын аймактан тыс, ені кемінде 3 м, қатты жабыны бар күзет жолының болуы.	Өрекел
97.	БӨП-тегі өткізу режиміне байланысты рұқсаттамаларды немесе автоматты карточкаларды сақтауға арналған арнайы үй-жайдың көзделуі	Өрекел
98.	Адамдардың өтуіне арналған БӨП-тің жұмысшылар мен қызметшілердің жеке заттарын сақтау камерасымен, тексеру белмесімен, күзет және ден қою күштерін, техникалық қауіпсіздік жүйелерін (концентраторлар, пультер, күзеттік бейне бақылау құрылғылары) орналастыруға арналған қызметтік үй-жаймен, өткелді (өтуді) ашу және күзеттік жарықтандыру тетіктерін басқару құрылғыларымен және санитариялық тораппен жабдықталуы	Өрекел
	БӨП автоматтандырылған немесе механикалық қол құрылғыларымен, турникеттермен	

99.	, кішкене қақпалармен, тексеру жүргізу үшін қажеттілігіне немесе қызметтік қажеттілігіне қарай металдардың әртүрлі түрлерін тануға қабілетті стационарлық және қол құралдарымен жабдықталуы. Сондай-ақ тексеру үшін альфа -, бета-және гамма-сөулеленуді анықтауды қамтамасыз ететін жарылғыш заттар мен радиоактивті материалдарды тануға арналған детекторлар қолданылады	Өрескел
100.	Көлік құралдарына арналған БӨП жабдығының электр жетегі және қашықтықтан басқарылатын сыртқы және ішкі үлгілік жылжымалы немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды авариялық тоқтатуға және қолмен ашуға арналған құрылғылармен жабдықталуы. Қақпалар өздігінен ашылуды (қозғалысты) болдырмау үшін шектегіштермен немесе тоқтатқыштармен жаракталады	Өрескел
101.	Автокөліктік БӨП-ке аппаратын жол участекерінде қақпадан 30 м аспайтын қашықтықта 90 градус бұрылыстың болуы; бұл участекер оларды басып өту мүмкіндігін болдырмайтын бетон конструкциялармен қоршалады. Таранға қарсы құрылғының басқа конструктивті шешімі рұқсат етіледі	Өрескел
102.	Автокөлік құралдарына арналған БӨП-ті қарau алаңдарымен немесе оларды қарau үшін эстакадалармен, шлабаумдармен, ал теміржол көлігі үшін жылжымалы теміржол құрамын тексеруге арналған мұнарамен және алаңмен жабдықтаудың болуы	Өрескел
103.	Бағдаршамдармен және жол белгілерімен кіру және шығу жабдығының болуы	Өрескел
104.	Ұзындығы кемінде 20 м және ені әрбір жағынан жүк автомашинасының енінен кемінде 3 м машиналарды қарап тексеру алаңының болуы.	Өрескел

105.	Машиналарды төмөннен қарап тексеруге арналған шұнқырмен, машиналарды жоғарыдан және бүйірінен қарап тексеруге арналған мұнаралармен немесе эстакадамен машиналарды қарап тексеру аланымен жабдықталуы және негізгі қоршau түрі бойынша коршаумен коршалады	Өрескел
106.	Темір жол БӨП жабдықтарының болуы: 1) жол қақпаларымен және вагондарды тексеру аландарымен; 2) электромеханикалық жетекпен және қолмен ашу механизмімен; 3) көліктің ядролық объектіге (объектіден) рұқсатсыз кіруін және жылжымалы құрамның қақпаға кездейсоқ соғылуын болдырмау үшін көлікті мәжбүрлеп тоқтату құрылғыларымен (салу брустары, түсіргіш бағыттамалар, аулаушы түйіктар) жабдықталады.	Өрескел
107.	Қарау мұнараларының, ауыстырмалы көпірлердің, қарау эстакадаларының, басқыштардың, аспалы басқыштардың қарау аландарымен қатар теміржол көлігін қарау үшін қолданудың болуы.	Өрескел
108.	Бір мезгілде 3-4 вагонды тексеріп қарау есебінен ұзындығы бойынша вагондарды тексеріп қарау аланы көлемінің болуы.	Өрескел
109.	Вагондарды төмөннен тексеруге арналған шұнқырмен және бүйірден және жоғарыдан тексеруге арналған мұнаралармен немесе эстакадалармен тексеру аланы жабдығының болуы	Өрескел
110.	Алаңның жүру бөлігінде екі желімен және ақ бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған "Токта" жазуларымен шектелген көлікті қарау үшін тоқтату орны бөлінуінің болуы. "Токта" деген тақтайшаларды орнатуға жол беріледі	Өрескел
111.	Негізгі және қосалқы қақпалардың сыртқы жағынан қарау аланына	Өрескел

	кіру алдында олардан 3 м жақын емес көлденең сзығ пен "Тоқта" деген жазудың болуы	
- 5) ядролық материалды тасымалдауға қатысатын барлық адамдардың сенімділігіне міндетті түрде алдын ала тексеру жүргізу;
- 6) тасымалдау туралы алдын ала ақпараты бар адамдар санын қажетті ең аз мөлшерге дейін жеткізуді қамтамасыз ету;
- 7) қатерлерді немесе жобалық қатерді орындалған бағалауға сәйкес физикалық қорғаудың пассивті және (немесе) белсенді шаралары бар материалдарды тасымалдау жүйелерін пайдалану;
- 8) табиғи апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе белгілі бір каяуіп бар аймақтардың қызылсызын болдырмайтын маршруттарды анықтау;
- 9) қантамаларды және (немесе) тасымалдау құралдарын персоналдың қатысуынсыз (карауынсыз), бұл мүлдем қажет болғаннан ұзақ қалдыру мүмкіндігін болдырмау;
- 10) көлік құралын басқаруды, ядролық материалдарды алып

жұруді және күзетуді жүзеге асыратын адамдарда тиісті рұқсатының болуын қамтамасыз етуге міндettі;

11) көлік құралдарына белгілер мен жазбалар енгізуді және тасымалдау құжаттарына жүктің сипаты мен көлік құралдарының мақсаты туралы куәландыратын жазбалар енгізуді болғызыбау;

12) ядролық материалдарды жөнелтуді жүк алушыдан ядролық материалдарды қабылдауға дайын екендігі туралы жазбаша растама, ал ядролық материалдарды жүк алушы тасымалдаған жағдайда – ядролық материалдарды тасымалдауға лицензия алғаннан кейін ғана жүзеге асыру;

13) ядролық материалдарды тасымалдау туралы хабарларды беру үшін кодтау қуралдарын және арнайы байланыс арналарын пайдалану;

14) жүк алушыға жүктің жөнелтілгені туралы және жүк жөнелтушіге жүктің алынғаны туралы хабарлауды қамтамасыз ету;

15) тасымалданатын ядролық материалдардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қосымша шараларды бірлесіп айқындау, жұру жолында немесе жұру маршруты бойынша авариялық жағдай туындаған жағдайда көлік құралына ықтимал шабуыл жасауды бейнелеу мақсатында жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының Қазақстан Республикасының тиісті ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарымен күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей өзара іс-кімділін үйімдастыру;

16) ядролық материалдарды тиеу және жөнелту алдында көлік құралын іsten шығаруға, тасымалданатын ядролық материалдарды бүлдіруге қабілетті құрылғылардың болмауы түрғысынан көлік құралдарын қарап-тексеруді жүргізуі қамтамасыз етуге және (

	немесе) ядролық материалдарға қатысты санкцияланбаған әрекеттер жасауға ықпал ету	
81.	Орамдағы, көлік құралындағы, бөліктегі немесе жүк контейнеріндегі құлыптар мен пломбалардың бүтіндігіне тексеру жүргізудің болуы.	Өрескел
82.	Көлік құралының орналасқан жері мен оның физикалық қауіпсіздігінің жай-күйінің үздіксіз мониторингін қамтамасыз етудің, сондай-ақ шабуыл жасалған жағдайда ден қою құштерін хабардар етудің және әр түрлі физикалық қагидаттарға негізделген екі жақты байланыстың кемінде екі тәсілімен, жүкті сүйемелдеумен және ден қою құштерімен бірге ұстап тұрудың болуы	Өрескел
83.	Тасымалдаушының мынаны қамтамасыз етуі: 1) техникалық жарамды және арнайы жабдықталған көлік құралдарын беру; 2) көлік құралдарын физикалық корғаудың инженерлік және техникалық құралдарымен жабдықтау; 3) арнайы даярлықтан өткен және жұмысқа тиісті рұқсаты бар жоғары білікті жүргізушілердің, әкипаждардың немесе бригадалардың көлік құралдарын басқаруы	Өрескел
84.	Әрбір рейс алдында көлік құралдары жүргізушілерінің, тасымалдау кезінде физикалық корғауды қамтамасыз етуге тартылған әкипаж немесе бригада мүшелерінің, сондай-ақ күзет персоналының және ілесіп жүретін адамдардың тиісті көлік түрлері үшін нұсқамадан және медициналық тексеруден өтуінің болуы	Өрескел
85.	I және II санаттардағы ядролық материалдарды күзет және ден қою құштерімен тасымалдау кезінде күзетті жүзеге асырудың болуы	Өрескел

86.	I және II санаттағы ядролық материалдарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерінің өкілдері катарынан жүкті бүкіл журу жолында ұздықсіз күзетуді және ілесіп журуді ұйымдастырудың болуы	Өреспел
87.	I немесе II санаттағы ядролық материалдарды темір жол көлігімен арнайы вагондарда тасымалдау кезінде физикалық корғауды жүзеге асырудың болуы	Өреспел
88.	I немесе II санаттағы ядролық материалдарды тасымалдау кезінде ілесіп жүретін персонал мен күзет және ден қою күштерін жүктен оқшауланған қызметтік үй-жайларда немесе осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған жекелеген вагондарда орналастырудың болуы	Өреспел
89.	I немесе II санаттағы ядролық материалдарды әуе көлігімен тасымалдау кезінде тек жүк тасымалдарына арналған әуе кемесінің бортында қауіпсіз құлыпталған және пломбаланған бөлікте немесе контейнерде физикалық корғауды жүзеге асырудың болуы	Өреспел
90.	Ядролық материал жалғыз жүк болатын жүктерді тасымалдауғағана арналған әуе кемесінде жүкті әуе көлігімен тасымалдауды орындаудың болуы	Өреспел
91.	Мамандандырылған көлік кемесінде теңіз және ішкі су көлігімен I немесе II санаттағы ядролық материалдарды тасымалдау кезінде физикалық корғауды жүзеге асырудың болуы	Өреспел
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
92.	Бір расталған шағым мен өтініштің болуы	Елеулі
93.	Екі және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	Өреспел

Атом энергиясын пайдалану
саласындағы субъектілердің

тәуекел дәрежесін бағалау

өлшемшарттарына

5-қосымша

Рентгендік спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен, өлшеуіштермен, қол жүгін, бағажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған рентген жабдығымен, адамды жеке-дара жете тексеруге арналған рентген жабдығымен, зарядталған бөлшектерді медициналық үдеткіштермен, жалпы мақсаттағы медициналық рентген қондырғыларымен, медициналық рентгендік дентальдық жабдықпен, медициналық рентгендік маммографиялық қондырғылармен, медициналық рентгендік ангиографиялық жабдықпен, медициналық компьютерлік рентгендік томографтармен, медициналық рентгендік терапиялық жабдықпен, медициналық рентгендік симуляторлармен қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, жүргізілген ядролық жарылыштар нәтижесінде ластанған бұрынғы ядролық сынап полигондарының аумақтарында және басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын субъектілерге, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілерін (объектілерін) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттары

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ИСК-нің болуы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жіберілген есептердің болуы	Болмашы
2.	Атом энергиясын пайдалану объектилерінде жұмыс істейтін персоналды аттесттатау туралы куәліктің болуы	Елеулі
3.	Радиациялық объектінің ықтимал радиациялық қауіптілігі санатының атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органдың келісіүнің болуы	Болмашы
Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерінің) алдыңғы тексерулер нәтижелері		
4.	Жеке дозаларды есепке алуудың толтырылған карточкаларының және дозиметрлерді беру және қабылдау журналының болуы	Елеулі
5.	Жұмыс орындарын радиациялық бақылау журналының және (немесе) радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының болуы және тиісінше жүргізілуі	Болмашы

6.	ИСК есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы	Болмашы
7.	Атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензияның болуы	Өрескел
8.	Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың болуы	Өрескел
9.	Меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде жұмыстарды орындау үшін қажетті мамандандырылған үй-жайлардың болуы	Өрескел
10.	Атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясы бар жеке немесе занды тұлға берген аппараттың пайдалану параметрлеріне бақылау (сапаны бақылау) жүргізу хаттамасының болуы (ИСК генерациялайтын медициналық аспаптар мен кондырғыларды дайындау және пайдалану жөніндегі жұмыстарға ғана қатысты)	Елеулі
11.	Әрбір параметр бойынша тестілеудің түрлері мен әдістемелерін, қолданылатын аспаптарды, сынақтардың кезеңділігін сипаттай отырып, тестілік сынақтар жүргізу бағдарламасының болуы	Елеулі
12.	Өлшеу құралдарының, бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтардың болуы	Елеулі
13.	<p>Тиісті білімі, даярлығы бар және жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің білікті құрамының болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) еңбек шарттарын; 2) лауазымның функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін біліктілігін және теориялық және практикалық даярлықтан өткенін раставайтын құжаттардың (Өрескел

	сертификаттардың, күәліктердің, күәліктердің) көшірмелерін ұсынады	
14.	Жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шектері мен шарттарын айқындайтын жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің болуы	Өрескел
15.	Радиациялық факторлардың белгіленген бақылау деңгейлерінің болуы	Болмаши
16.	Радиациялық қауіпсіздік бойынша қызметтің (немесе жауапты тұлғаның) болуы	Елеулі
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
17.1	Бір расталған шағым мен өтініштің болуы	Елеулі
18.1	Екі және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	Өрескел

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 30 қаңтардағы

№ 12 мен

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2023 жылғы 30 қаңтардағы
№ 43 Бірлескен бұйрыққа

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 747 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 811 бірлескен бұйрығына

2-қосымша

Тексеру парағы

Атом энергиясын пайдалану саласында.

— Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес
Атом энергетикалық станцияларын, ядролық отын және оның құрамдастарын
дайындау қондырғыларын, зерттеу ядролық (атом) реакторларын және
термоядролық
реакторларды пайдаланатын субъектілерге қатысты.

Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау туралы акт

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі)/
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
Күжаттама			
1.	Ядролық зерттеу кондырғысының (ЯЗҚ) жобасын жасаушылармен, атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген және ЯЗҚ әкімшілігімен бекітілген ЯЗҚ (КТЕ) қауіпсіздігін талдау бойынша есептің болуы		
2.	Жобалау үйымымен, уәкілетті органмен келісілген ЯЗҚ әкімшілігімен бекітілген ЯЗҚ пайдаланудың технологиялық регламентінің болуы		
3.	Зерттеу реакторының өзекті паспортының және (немесе) критстенд паспортының болуы		

4.	Реактор қондырғысында авария болған жағдайда персонал мен халықты қорғау және оның зардалтарын жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы		
5.	Жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, қайта тиесу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың болуы		
6.	Ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдықтар мен жүйелердің сипаттамасын қамтитын техникалық құжаттаманың болуы		
7.	Жедел құжаттаманың болуы (жедел журналдар, картограммалар журналдары және т. б.)		
8.	Реактор қондырғысының бақылау-өлшеу аспаптары мен басқару және қорғау жүйесінің (БҚЖ) сынау актілері мен хаттамаларының болуы		
9.	Жедел персоналдың және бақылаушы физиктердің емтихан тапсыру хаттамаларының болуы		
10.	Жұмыс орындарына емтихан тапсырған жедел персоналды жұмыска жіберу туралы ЯЗҚ басшысының бұйрығының болуы		
11.	ЯЗҚ әкімшілігі бекіткен реактордың жедел персоналдының лауазымдық нұсқаулықтарының және бақылаушы физик туралы ереженің болуы		
12.	Жүйелер мен жабдықтарды сынау актілері мен хаттамаларының болуы		

13.	Авариялық дайындық және аварияға қарсы ден қою жоспарының болуы		
14.	Ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі және персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-кимылдары бойынша нұсқаулықтардың болуы		

Ядролық зерттеу қондыргысын (ЯЗҚ) қалыпты пайдалануды басқару жүйелеріне қойылатын талаптар

15.	Пайдаланудың барлық режимдерінде нейтрондар ағынының тығыздығы бақылау құралдарының болуы. Оның ішінде ЯЗҚ белсенді аймағына тиесу (кайта тиесу) кезінде.		
16.	Қауіпсіздікке әсер ететін жабдықтарды диагностикалауды және жүйелерді автоматтандыру құралдарын қамтамасыз ететін құралдардың немесе әдістердің болуы.		
17.	ЯЗҚ операторын акпараттық қамтамасыз ету құралдарының болуы		
18.	Бірінші контурдың жылу тасымалдағышының және эксперименттік ілмектердің радиоактивтілігін, радионуклиидтердің шығарындылары мен төгінділерін, сондай-ақ ЯЗҚ үй-жайлары мен алаңындағы радиациялық жағдайды бақылау қамтамасыз етілген		
19.	Гетерогенді зерттеу реакторының (ЗР) жылу тасымалдағышының (баяулатқыштын), сындарлы құрастыруды баяулатқыштын, гомогенді зерттеу реакторының (ЗР) ядролық материал (ЯМ) ерітіндісінің ағып		

	кетуінің болмауын бақылау қамтамасыз етілген.	
20.	Жылу тасымалдағыштың сапасын бақылау қамтамасыз етілген	

ЯЗҚ-ның қауіпсіздікті қорғау жүйелеріне (ҚҚЖ) қойылатын талаптар

21.	ҚҚЖ іске қосылуы қалыпты пайдалану жүйелері жабдықтарының істен шығуына әкелмейді.		
22.	Тоқтату жүйесі кіші жүйелерді қамтиды, олардың біреуі немесе бірнешеуі реактордың (шектік стендтін) шектен төмен жай-күйіне (авариялық қорғаныска) жылдам аудысudyқамтамасыз етеді.		

ЯЗҚ қауіпсіздігінің оқшаулау жүйелеріне қойылатын талаптар

23.	ЯЗҚ-ны тоқтату жүйесі қалыпты пайдаланудың кез келген режимдерінде және жобалық аварияларды қоса алғанда, қалыпты пайдаланудың бұзылуы кезінде ЯЗҚ-ны шектен төмен жағдайында ұстауды қамтамасыз етеді.		
-----	---	--	--

Басқару қауіпсіздік жүйелеріне (БҚЖ) қойылатын талаптар

24.	Әрбір басқару қауіпсіздік жүйесі өзінің технологиялық параметрінің қауіпсіздік функцияларын орындалуы кемінде екі өлшеу арнасы бойынша болуы.		
	БҚЖ тіркеу құралдарынан алынған деректер мынаны анықтайды және тіркейді: 1) ЯЗҚ-ны пайдалану шектерінің немесе қауіпсіз пайдалану шектерінің бұзылуына		

25.	<p> себеп болған бастапқы оқиға және оның туындау уақыты;</p> <p>2) авариялардың даму процесіндегі технологиялық параметрлердің өзгеруі;</p> <p>3) ҚЖ әрекеттері;</p> <p>4) басқару пункті персоналның іс-қимылдары.</p>		
26.	<p>Техникалық және бағдарламалық күралдардың істен шығуы және ҚБЖ закымдануы кезінде басқару пунктінің пультіне сигналдардың пайда болуы.</p>		

ЯЗҚ қамтамасыз етедін қауіпсіздік жүйелеріне (ҚЕҚЖ) қойылатын талаптар

27.	ЯЗҚ жобасында негізделген электр көзінен ажыратылмайтын әлектр қабылдағыштардың тізбесі бар		
28.	Авариялық электрмен жабдықтау жүйесінің дербес қоректендіру көздерінің болуы.		
29.	Авариялық электрмен жабдықтау жобалық және жобадан тыс авариялар кезінде қауіпсіздік функцияларын орындауды қамтамасыз етеді		

ЯЗҚ басқару пунктіне қойылатын талаптар

	<p>Технологиялық процесті, қалыпты пайдалану жүйелерін және қауіпсіздік жүйелерін автоматтандырылған басқару жүзеге асырылатын ЯЗҚ басқару пунктінде мыналар қарастырылған:</p> <p>1) ядролық отынды тиеу (кайта тиеу) жөніндегі операцияларды қоса алғанда, ЯЗҚ-ны пайдаланудың барлық</p>		
--	---	--	--

	<p>режимдерінде нейтрондар ағыны тығыздығының деңгейін және оның өзгеру жылдамдығын бақылау құралдары;</p> <p>2) нейтрондар ағыны тығыздығының деңгейін басқару құралдары;</p> <p>3) БҚЖ жұмыс органдары жағдайының көрсеткіштері және тоқтату жүйелерінің жай-күйін бақылау құралдары;</p> <p>4) ЯЗҚ-ны пайдаланудың барлық режимдерінде жедел негізделген шешімдер қабылдау үшін көлемі мен сапасы жеткілікті болатын ЯЗҚ-ның ағымдағы жай-күйі туралы акпаратты басқару пунктінің персоналына беруді қамтамасыз ететін жүйелері;</p> <p>5) ескерту және авариялық сигнал беру құралдары.</p>		
31.	<p>Негізгі басқару пунктінен ЗР жүйелерін басқару мүмкіндігі болмаған жағдайда пайдаланылатын резервтік басқару пунктінің болуы.</p>		
32.	<p>Резервтік басқару пунктінен персоналдың мынадай функцияларды орындау мүмкіндігі қамтамасыз етілген:</p> <p>1) ойындарды шектен төмен күйге ауыстыру;</p> <p>2) ЯЗҚ жобасында айқындалған жағдайларда ЗР-ны авариялық салқыннату;</p> <p>3) аварияны жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде ЗР</p>		

	жай-күйін және радиациялық жағдайды бақылауды камтиды.		
ЯЗҚ пайдалану және эксперименттер жүргізу			
33.	Эксперименттік зерттеулердің жалпы бағдарламасының болуы		
34.	Зерттеудің әрбір кезеңі үшін жұмыс бағдарламасының болуы		
35.	Жобада белгіленген санға, біліктілік деңгейіне және тәжірибеге сәйкес персоналдың барлық санаттарын жинақтау қамтамасыз етілген.		
Уақытша тоқтату режимі			
36.	Уақытша тоқтату режимінде техникалық қызмет көрсетуді жүргізу нұсқаулықтарының, бағдарламалары мен графиктерінің болуы		
Тіркеу және техникалық куәландыру			
37.	Үәкілетті органда тіркелген 1 және 2-қауіпсіздік сыныбындағы жабдықтар мен құбырлар тізбесінің болуы.		
38.	Конструкциялық ерекшеліктері немесе радиациялық жағдайы бойынша ішкі (сыртқы) тексеріп-қарау үшін қолжетімсіз (немесе шектеулі қолжетімді) жабдықтар тізбесінің болуы. (Көрсетілген тізбе үәкілетті органмен келісілуі тиіс.)		
39.	ЯЗҚ әкімшілігінің 1 және 2-қауіпсіздік сыныбының жабдықтары мен құбыржолдарын қадағалауды жүзеге асыратын адамды тағайындау туралы бұйрығының болуы.		
	ЯЗҚ әкімшілігінің 1 және 2-қауіпсіздік сыныбының		

	жабдықтары мен құбыржолдарының жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адамды тағайындау туралы бұйрығының болуы.		
Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын физикалық қорғау талаптары			
41.	Пайдаланушы ұйым әзірлейтін және 5 (бес) жылда кемінде 1 (бір) рет кайта қаралатын немесе ядролық физикалық қауіпсіздіктің көзделмеген қатерлері туындаған кезде дереу жергілікті жобалық катердің болуы.		
42.	Ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әзірленген және бекітілген жоспарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 8 ақпандығы № 40 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13498 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген ядролық материалдар мен ядролық кондырғыларды физикалық қорғаудың қафидаларына 2- қосымшаның атом энергиясын пайдалану объектілері әзірлейтін құжаттама тізбесіне сәйкес атом энергиясын пайдалану объектілері әзірлейтін қажетті құжаттаманың болуы.		
43.	Ядролық объектінің күзету және ден қою күштерінің тіkelей өткізу режимін жүзеге асыруының болуы .		
	Ядролық материалдар мен ядролық кондырғыларды		

44.	<p>физикалық қорғау бөлімшесіне жүктелген санатталған және режимдік үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыштарды күзетке коюға және күзетten алып тастауға қатысты бөлігінде өткізу режимі, сондай-ақ объектішілік режим рәсімдерінің орындалуын ұйымдастыру мен бақылаудың болуы.</p>		
45.	<p>Объектішілік режимнің орындалуын ұйымдастырудың және бақылаудың болуы, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшеге жүктелген ядролық қондырғыларда өткізу режимі бойынша бланкілерді, рұқсаттамалар мен мөрлерді әзірлеу.</p>		
46.	<p>Іс жүзінде санкцияланбаған қол жеткізуге, санкцияланбаған алып коюға немесе диверсияға байланысты оқиға болған жағдайда, төтенше жағдайларда ден қою жоспарына сәйкес уәкілетті органды, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарды хабардар етудің 1 (бір) сағаты ішінде, сондай-ақ уәкілетті органға оқиғаның себептері, оның жағдайлары мен салдары, сондай-ақ қабылданған немесе қабылданатын түзету шаралары туралы туралы есепті 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынудың болуы.</p>		
	<p>Сигнализациямен жарактандырудың және ішкі және аса маңызды</p>		

47.	аймақтарға кіру нүктелерін (өту жолдарын) күзетуге қоюдың болуы.		
48.	Ядролық материалдарға кол жеткізуді бақылайтын компьютерлік жүйelerді қоса алғанда, кілттерге, кілт карточкаларына және (немесе) басқа жүйелерге рұқсаты бар немесе оларды пайдалануға алған барлық тұлғалардың тіркелуі.		
49.	Ядролық материалдарға немесе ішкі аймақтарға кіруді бақылайтын компьютерлік жүйelerді қоса алғанда, ішкі және аса маңызды аймақтарға қолжетімділігі бар барлық тұлғалардың және кілттерге, кілт карточкаларына және (немесе) басқа жүйелерге колжетімділігі бар немесе оларды пайдалануға алған барлық тұлғалардың тіркелуі.		
50.	I санаттағы ядролық материалдарды материалды алуға кедергі келтіретін анықтау мен кідіртудің қосымша шептерін қамтамасыз ететін аса маңызды аймақтағы нығайтылған (сейфтік) үй-жайда немесе нығайтылған камерада (конструкцияда) сактауды қамтамасыз етудің болуы .		
51.	Қорғалған аймақта орналасқан орталық басқару пунктінің болуы.		
	Дабыл сигнализациясы жабдығының, сигнализация жүйесінің байланыс арналарының және үздіксіз коректендіру көздерін		

52.	<p>басқарудың орталық пунктінің және санкцияланбаған мониторинг, айла-шарғы жасау және бұрмалау жолымен араласудан корғаныспен қамтамасыз етілуінің болуы.</p>		
53.	<p>Авариялық жағдайлар кезінде негізгі қоректен жедел ауыстырып қосуды қамтамасыз ететін электрмен қоректендіруді қамтамасыз ету жүйесінде көзделген қоректендірудің автоматты резервтік жүйесінің орталық басқару пунктінің болуы.</p>		
54.	<p>Функционалдық сынақтарды, физикалық корғау шараларын және физикалық корғау жүйесін коса алғанда, тұрақты бағалау жүргізуіндің, оның ішінде қауіптерге қарсы іс-кимылдың сенімділігі мен тиімділігін айқындау мақсатында күзет және ден қою күштерінің уақтылы ден қоюның болуы.</p>		
55.	<p>Ден қою күштерінің ядролық материалды ден қою және санкцияланбаған алып қоюды болдырмау жөніндегі міндеттерді тиімді және уақтылы орындау қабілетін айқындау мақсатында екі жақты оку-жаттығуларды коса алғанда, оку-жаттығулар өткізу арқылы жылына кемінде бір рет ядролық материалдарды физикалық корғау жүйесінің функционалдық сынақтарын жүргізуіндің болуы.</p>		

56.	<p>Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарымен және Қазақстан Республикасы Ишкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-кимылда өзірленген, уәкілетті органмен келісілген жергілікті жобалық қатердің болуы.</p>		
57.	<p>3 (үш) жылда кемінде бір рет мемлекеттік органдардың есепке алу базалары бойынша тексеру іс-шараларын жүзеге асырудың болуы.</p>		
58.	<p>Мемлекеттік органдардың есепке алу базалары бойынша тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша теріс нәтиже алған персоналдың ядролық материалдармен және табиғи уранмен жұмыс істеуге жіберілмеуінің болуы.</p>		
59.	<p>Ядролық объектінің аумағына, күзетілетін ғимараттарға тұракты немесе алынбалы торлармен, қакпактармен, жабылатын құрылғылары бар есіктермен кіруге болатын құдықтар, люктер, тесіктер, шахталар, ашиқ құбырлар, арналар және басқа да осыған ұқсас құрылыштар түріндегі кіру немесе шығу жолдары бар жерасты және жерусті коммуникациялары жабдықтарының болуы. Тұракты құрылғылар ашуға жатпайтын барлық коммуникацияларға орнатылады.</p>		
	<p>Диаметрі 250 миллиметрден (бұдан әрі</p>		

60.	- мм) асатын (қимасы 250x250 мм-ден асатын) барлық ойықтардың торлармен жабдықталуы.		
61.	"А, Б және В" санатындағы үй-жайлары бар гимараттардан барлық кіру (шығу), сондай-ақ үй-жайлардың өздері екі жағынан күшейтілген есік қораптары бар металл немесе металлмен қапталған есіктері бар жабдықтардың болуы.		
62.	"А, Б және В" санатындағы үй-жайлардың 1-ші және жертөле қабаттарында терезе ойыктарының аса маңызды аймақтарының болмауы.		
63.	Екінші қабаттардың терезелері, сондай-ақ кез келген басқа қабаттың терезелері, егер олар шектес санатталмаған үй-жайлар мен дәліздерге шықса немесе өрт сатылары мен өзге де құрылыштардың жанында орналасса, оларды пайдалана отырып санатталған үй-жайларға диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалған торлармен және ұяшықтарының мөлшері 150x150 мм-ден аспайтын болса, жабдықталуы тиіс.		
64.	"А және Б" санатындағы үй-жайларға кіретін есіктердің параметрлеріне баламалы кіру есіктерінің беріктігінің болуы.		
65.	150x150 мм ұяшықтардың күрайтын диаметрі кемінде 16 мм болат шыбықтардан жасалатын металл торлармен аса маңызды аймақтар		

	үй-жайларының терезе ойықтарының жабдықталуы.		
66.	Барлық терезелер торлармен жабдықталған үй-жайларда олардың біреуі бұзылудан коргалған аспалы құлпы бар жылжымалы немесе айқара ашылатын үй-жайлардың болуы.		
67.	"В" санатындағы үй-жайларға баламалы аса маңызды аймақтар үй-жайларының кіру есіктерінің беріктігінің болуы.		
68.	"В" санатындағы үй - жайлар үшін кемінде 25000 код (кілт) комбинациясынан және "А және Б" санатындағы үй-жайлар үшін кемінде 100000 электр механикалық және (немесе) механикалық құлыптармен аса маңызды аймақтар үй-жайларының кіреберіс есіктері мен тамбурының есіктерінің болуы.		
69.	Kіру есіктерін, сондай-ақ "А" санатындағы үй-жайлардың ішкі есіктерін жабу үшін құпиялышты жоғары құлыптарды, екі жақты кілті бар сувальдты, екі және одан да көп қатарлы цилиндрлік штифті пайдаланудың болуы. Сувальдты құлыптарда кемінде алты сувальд (симметриялы немесе асимметриялық) болады.		
70.	"Б" санатындағы үй-жайлардың ішкі есіктерін жабу үшін құпиялышты төмен цилиндрлі пластиналы және цилиндрлі штифті бір қатарлы құлыптарды пайдаланудың болуы.		

	71.	Кол слесарлық аспапты пайдалана отырып, оларды қасақана зақымданудан және мөрленуден (пломбалаудан) қорғайтын қаптамалардағы құлыштар механизмдерінің корытындысының болуы.		
	72.	Терезе ойықтарының, бірінші қабаттың витриналарының "А және Б" санатындағы үй-жайлардың параметрлеріне баламалы беріктігінің болуы		
	73.	Жедел жағдайы құрделі аудандарда оқça төзімді қорғаныш шынылаудан (қорғаныш пленкадан) жасалған, тесуге төзімді, адамның енуі үшін жеткілікті, салмағы 2 кг ауыр металл затпен кемінде 30-50 сокқыдан жасалған терезелер мен витриналардың болуы.		
	74.	Шекарасы тыйым салынған аймақтың сыртқы коршауы бойынша өтетін корғалған аймақтың болуы.		
	75.	Тыйым салынған аймақтың ені кемінде 15 м болуы.		
	76.	Тыйым салынған аймақтың коммуникациялық эстакадалармен жер деңгейінен кемінде 5 м биіктікте коршаудың үстінен тік бұрышқа жақын бұрышпен кылышысының болуы.		
		Биіктігі кемінде 2,5 м темірбетон плиталардан немесе қалындығы кемінде 2 мм металл табактан, ал қар		

77.	жамылғысының терендігі бір метрден асатын аудандарда кемінде 3 м ядролық объект аумағының сыртқы қоршауын орындаудың болуы.		
78.	"Егоза" түріндегі сымнан жасалған "күнқағардың" сыртқы қоршауының жоғарғы жиегіне косымша орнатылған болуы.		
79.	Сыртқы қоршауда жабылмайтын есіктердің, қақпалардың, кіші қақпалардың, сондай-ақ тесіктердің, ойықтардың және басқа да закымданулардың болуы.		
80.	Ғимараттардың бірінші қабаттарының, сондай-ақ одан кейінгі қабаттардың терезелерінде кірме күнқағарлардан, өрт сатыларынан және күзетілмейтін аумаққа шығатын жапсарлас құрылыштардың шатырларынан колжетімді қабаттардың, күзеттің техникалық құралдары мен рольставн болуы, олар қажет болған жағдайларда жабылады не айқара ашылатын торлармен жабдықталады . Торлар 150x150 мм ұяшықтарды құрайтын диаметрі кемінде 10 мм болат шыбықтардан дайындалады.		
81.	Тыйым салынған аймақтың сыртқы қоршауының негізгі қоршаудан кемінде 5 м қашықтықта орналасуы.		
	Орман екпелерінің, ғимараттардың, құрылыштардың, жапсарлас құрылыштардың, жабдықтарды немесе		

82.	материалдарды жинауга арналған аландардың сыртқы және ішкі жағынан негізгі коршаудың периметріне жанасудың болмауы.		
83.	Тыйым салынған аймақтың сыртқы және негізгі қоршауының арасында оқшаулау жолағын алдын ала қарастыру.		
84.	Оқшаулау жолағында физикалық қорғаудың техникалық құралдарын колдануды қындалатын ешқандай құрылыштар мен заттардың болмауы.		
85.	Оқшаулау жолағы енінде 3 м болуы.		
86.	Негізгі қоршаудың ішкі жағынан бақылау-із кесу жолағы жабдықталуы.		
87.	Бақылау-із кесу жолағының ядролық объектінің барлық периметрі бойынша өтуінің үздіксіздігінің болуы.		
88.	Жасанды бақылау-із жолағының енін кемінде 3 м етіп орнатудың болуы.		
89.	Табиғи бақылау-із жолағының енін кемінде 3 м етіп орнатудың болуы.		
90.	Жасанды бақылау-із жолақтарын топырақпен жыртуудың немесе себудің болуы. Жер жырту терендігі (топырак үйіндісінің биіктігі) кемінде 15 сантиметр.		
91.	Жырылған және үйілген бақылау-із жолақтарын тырмалау және олардың бетіне пішіндеушінің көмегімен толқын тәрізді		

	пішінді жағу арқылы борпылдақ-мамық күйге келтіру.		
92.	Тыйым салынған аймақтың темір, тас және қара жолдармен, үйілген бақылау-із жолақтарымен киылышу орындары жабдықтарының болуы.		
93.	Бақылау-із жолағында алшақтықты болдырмау үшін тыйым салынған аймақ ағындармен, жыралармен, жыралармен қиылышатын жерлерде көпірлердің (төсемдердің) салынуының болуы. Көпірлердің (төсемдердің) астындағы кеңістік инженерлік бөгеттермен жабылады және анықтау құралдарымен жабдықталады.		
94.	Тыйым салынған аймақтың ішкі қоршауы мен наряд соқпағының бақылау-із жолағы арасында ені 0,8-1,0 м күзет және ден қою күштерінің қозғалысы үшін төсемнің болуы.		
95.	Нарядтар соқпағының мынадай түрде орындалуы: ағаш, асфальтталған, бетон немесе темірбетон жабыны бар топырақ үйінділері.		
96.	Техникалық күзет құралдары қолданылатын аймақтан тыс, ені кемінде 3 м, қатты жабыны бар күзет жолының болуы.		
97.	БӘП-тегі өткізу режиміне байланысты руқсаттамаларды немесе автоматты карточкаларды сақтауға арналған арнайы үй-жайдың көзделуі.		

98.	<p>Адамдардың өтуіне арналған БӨП-тің жұмысшылар мен қызметшілердің жеке заттарын сақтау камерасымен, тексеріп қарau бөлмесімен, күзет және ден кою құштерін, техникалық қауіпсіздік жүйелерін (концентраторлар, пульттер, күзеттік бейне бақылау құрылғылары) орналастыруға арналған қызметтік үй-жаймен, өткелді (өтуді) ашу және күзеттік жарықтандыру тетіктерін басқару құрылғыларымен және санитариялық тораппен жабдықталуы.</p>		
99.	<p>Б Ө П автоматтандырылған немесе механикалық қол құрылғыларымен, турникеттермен, кішкене қақпалармен, тексеріп қарau жүргізу үшін қажеттілігіне немесе қызметтік қажеттілігіне қарай металдардың әртүрлі түрлерін тануға қабілетті стационарлық және қол құралдарымен жабдықталуы. Сондай-ақ тексеру үшін альфа -, бета - және гамма-сәулеленуді анықтауды қамтамасыз ететін жарылғыш заттар мен радиоактивті материалдарды тануға арналған детекторлар колданылады.</p>		
100.	<p>Көлік құралдарына арналған БӨП жабдығының электр жетегі және қашықтан басқарылатын сыртқы және ішкі үлгілік жылжымалы немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды авариялық тоқтатуға</p>		

	және колмен ашуға арналған құрылғылармен жабдықталуы. Қақпалар өздігінен ашылуды (козгалысты) болдырмау үшін шектегіштермен немесе тоқтатқыштармен жарақталады.		
101.	Автокөлік БӨП-ке апаратын жол участекелерінде қақпадан 30 м аспайтын қашықтықта 90 градус бұрылыстың болуы; бұл участекелер олардың өту мүмкіндігін болдырмайтын бетон конструкциялармен қоршалады. Тараптағы қарсы құрылғының басқа конструктивті шешімі рұқсат етіледі.		
102.	Автокөлік құралдарына арналған БӨП-ті қарау алаңдарымен немесе оларды қарау үшін эстакадалармен, шлагбаумдармен, ал теміржол көлігі үшін – жылжымалы теміржол құрамын тексеруге арналған мұнарамен және алаңмен жабдықтаудың болуы.		
103.	Бағдаршамдармен және жол белгілерімен кіру және шығу жабдықталуы.		
104.	Ұзындығы кемінде 20 м және ені әрбір жағынан жүк автомашинасының енінен кемінде 3 м машиналарды тексеріп қарау алаңының болуы.		
105.	Машиналарды тексеріп қарау алаңы жабдықталуы машиналарды төмennен карап тексеруге арналған шұңқырмен, машиналарды жоғарыдан және бүйірінен тексеріп қарауға арналған мұнаралармен немесе		

	эстакадамен коршалады және негізгі қоршау түрі бойынша қоршаумен коршалады.		
106.	Темір жол БӨП жабдықтарының болуы: 1) жол қақпаларымен және вагондарды тексеріп-қарау алаңдарымен; 2) электромеханикалық жетекпен және қолмен ашу механизмімен; 3) көліктің ядролық объектіге (объектіден) рұқсатсыз кіруін және жылжымалы құрамның қақпаға кездейсөк соғылуын болдырмау үшін көлікті мәжбүрлеп тоқтату құрылғыларымен (салу брустары, түсіргіш бағыттамалар, аулаушы тұйықтар) жабдықталады .		
107.	Карау мұнараларының, ауыстырмалы көпірлердің, қарау эстакадаларының, басқыштардың, аспалы басқыштардың қарау алаңдарымен қатар теміржол көлігін қарау үшін қолданудың болуы.		
108.	Бір мезгілде 3-4 вагонды тексеріп қарау есебінен ұзындығы бойынша вагондарды тексеріп-қарау алаңы көлемінің болуы.		
109.	Вагондарды төмennен тексеріп-қарауға арналған шұңқырмен және бүйірден және жоғарыдан тексеріп-қарауға арналған мұнаралармен немесе эстакадалармен тексеру алаңы жабдықталуы.		
	Алаңның журу бөлігінде екі желімен және ақ		

110.	бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған "Тоқта" жазуларапмен шектелген көлікті қарау үшін тоқтату орны бөлінуінің болуы. "Тоқта" деген тақтайшаларды орнатуға жол беріледі.	
111.	Негізгі және қосалқы қақпалардың сыртқы жағынан қарау аланына кіру алдында олардан 3 м жақын емес көлденен сызық пен "Тоқта" деген жазудың болуы.	
112.	Көлік қозғалысының куаіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қақпадан он жағынан немесе жолдың үстінен кемінде 100 м қашықтықта "бір қатардағы қозғалыс" көрсеткіш белгісін, ал 50 м-де – жылдамдықты 5 километр/сағатқа (бұдан әрі – км/сағ) дейін шектеу белгісінің болуы.	
113.	Қақпаны басқару пультінің БӨП-те немесе оның сыртқы қабырғасында орналасуы, бұл ретте пультке бөрге адамдардың кіруіне жол берілмейді.	
114.	БӨП үй-жайын байланыс, өрт сөндіру құралдарымен және Орталық басқару пунктіне қосылған дабыл сигнализациясы жүйесімен жарақтандырудың болуы.	
115.	Физикалық қорғаудың техникалық құралдары кешенінің қандай да бір элементі істемеген немесе істен шыққан жағдайда физикалық корғау жүйесінің жұмыс істеуін бұзбаудың болуы.	

116.	<p>Орталық немесе жергілікті басқару пункттері операторларының физикалық қорғаудың техникалық қуралдарын басқаруды жүзеге асыруының болуы.</p>		
117.	<p>Тікелей ішкі аймакта орталық басқару пункті мен жергілікті басқару пунктінің орналасуы.</p>		
118.	<p>Санкцияланбаған әрекеттерді жасау әрекеттері мен фактілерін анықтауға және күзет және ден қою күштерінің осы оқигалар туралы хабардар етуге арналған күзет сигналізациясы жүйесінің болуы.</p>		
119.	<p>Күзет сигналізациясын қамтамасыз етудің болуы :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) санкцияланбаған қол жеткізуді анықтау; 2) орталық немесе жергілікті басқару пункттеріне анықтау қуралдарының іске қосылуы туралы сигнал беруді және осы оқиганы хаттамалауды қамтиды; 3) физикалық қорғау жүйесінде болып жатқан барлық оқигалардың архивін оларды кейіннен бір мәнді сәйкестендіру үшін барлық қажетті мәліметтерді (күрілғының типі мен нөмірі, оқиганың типі мен себебі, оның басталған күні мен уақыты) тіркей отырып жүргізу; 4) күзеттен бақылаусыз алу және күзетке қою мүмкіндігін болғызбау мақсатында жүзеге асырылады; 5) табу құралдарын (табу құралдары тобын) 		

	бақылауға (бақылаудан алуға) қабылдау (алу) функциясы жүзеге асырылған жағдайларда жүргізіледі.		
120.	Периметрді анықтау құралдарымен қамтамасыз етудің болуы : 1) әрекеттің үздіксіздігі; 2) бұзушылық орнын анықтау және қажет болған жағдайда бұзушының қозғалысын бағыттау.		
121.	Дабыл-шакыру сигнализациясымен қамтамасыз етудің болуы : 1) күзет және дең қою күштерін құрылғылардың іске қосылуы туралы хабардар ету; 2) шакыру орнын анықтау; 3) оны орнатудың құпиялышы және шакыру құрылғысын пайдаланудың ыңғайлылығы; 4) бақылаудан алу мүмкін болмаған жағдайларда; 5) іске қосылу туралы сигналдардың күзет сигнализациясы жүйесі құрылғыларының іске қосылуы туралы сигналдардан айырмашылығы; 6) жергілікті және орталық басқару пункттері операторларының, күзет және дең қою күштерінің тікелей күзет бекеттерінде, олар алдын ала берілген маршрутты патрульдеу кезінде, сондай-ақ ядролық объектіге өткізу режимін жүзеге асыратын бақылаушылардың		

	тыныс-тіршілігін бақылауды қамтиды.		
122.	Күзет бекеттерінде, БӘП-те, қорғалған аймақтың периметрі бойынша әрбір 100-150 м сайын, аса маңызды аймақтардың ғимараттарына, құрылыштарына және үй-жайларына кіреберістерде дабыл-шақыру сигнализациясы құрылғыларының орнатылуы.		
123.	<p>Ақпаратты жинау және өндөу жүйесімен мынадай жағдайлардың индикациясын қамтамасыз етудің болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) әрбір анықтау құралының іске қосылуы; 2) анықтау құралдарының ақаулығы; 3) байланыс желісінің ақаулығы; 4) электр қуатының жоғалуы; 5) байланыс желісі параметрлерінің өзгеруі және анықтау құралдарын блоктан шығару әрекеттері; 6) электрондық жабдықты ашу әрекеттері 		
	<p>Қамтамасыз ететін ақпаратты жинау және өндөу жүйесінің жұмыс істеуінің болуы:</p> <p>1) анықтау құралдарының кез келген жай-күйі кезінде байланыс желілерінің ақаусыздығы мен жұмысқа қабілеттілігін тұрақты автоматты бақылау (қосулы, өшірул);</p>		

124.

- 2) анықтау құралдарын қашықтан қосу (ажырату);
3) тікелей ядролық объектіде табу құралдарын санкцияланған ажырату болып табылады;
4) күзетілетін үй-жайларға санкцияланған кіру рұқсаты;
5) күзет персоналының (желілік) жұмысын бақылауды үйімдастыру;
6) жарықтандыруды қашықтан басқару;
7) қауіпті жағдайлардың басымдығы;
8) оқиғаларды архивтеу;
9) ақпаратты жинау және өндіру жүйесінің ең жоғары сыйымдылығынан кемінде 20% сыйымдылық бойынша резерв немесе сыйымдылықты тұрақты өсіру мүмкіндігі;
10) шеткепі құрылғыларды басқару;
11) анықтау құралдарының электрмен коректенуін қашықтан басқару.

Қамтамасыз етушіге кіруді бақылау және басқару жүйесінің болуы:
1) аумаққа, күзетілетін үй-жайларға, ғимараттарға, құрылыштарға және аймақтарға рұқсатсыз кіруді болғызбау (немесе барынша мүмкін кедергі жасауды жасау). Санкцияланбаған кіру әрекеттері анықталған жағдайда, сондай-ақ өткізу құрылғылары мен терминалдар конструкцияларының элементтеріне күштік

125.	<p>әсер ету фактілері анықталған кезде тиісті акпарат жергілікті және орталық басқару пункттерінің операторына ұсынылады;</p> <p>2) персоналдың, іссапарға жіберілген адамдардың және келушілердің ету және өту бойынша талаптарды бұзу фактілері туралы акпаратты сактау;</p> <p>3) рұқсаттамаларды дайындау, дайындалған және берілген рұқсаттамаларды архивтеу.</p>		
126.	<p>Бақылау және басқару жүйесінің (адам және көлік БӨП) өткізу құрылғыларының конструкцияларын олардың авариялық колмен ашылу мүмкіндігін қамтамасыз етудін болуы.</p>		
127.	<p>Мыналарды:</p> <p>1) операторға ядролық объектідегі және оның күзетілетін аймақтарындағы, ғимараттардағы, құрылыштардағы және үй-жайлардағы жағдай туралы қажетті және жеткілікті акпарат беруді;</p> <p>2) санкцияланбаған іс-әрекет жасау фактісі анықталған жағдайда жағдайды бағалау үшін акпарат беру және оны жасау фактісін бейне растауды;</p> <p>3) туындастын штаттан тыс жағдайларды кейіннен талдау үшін қажетті көлемде акпаратты көрсету, тіркеу және архивтеуді;</p> <p>4) нормативтік құжаттарда айқындалған, оны пайдаланудың</p>		

	<p>барлық жағдайлары кезіндегі жұмыс кабілеттілігін;</p> <p>5) ақаулықтардың болуын бақылауды (бейнесигналдың жоғалуы, жабдықты ашу, байланыс желілеріне қол жеткізу әрекеттері), бұл туралы басқару пункттерінің операторларын хабардар ету және осы ақпаратты архивтеуді қамтамасыз ететін бейнебақылау және жағдайды бағалау жүйесінің болуы.</p>		
128.	Бейнекамераның корғалған аймағының периметрін әрбір участкеде көршілес участкелердің бейнекамераларының ең болмағанда біреуі тікелей көрінетіндей етіп бейне бақылауды ұйымдастырудың болуы.		
129.	Бейнекамераларды рұқсатсыз кіру қын болатындан етіп орнатудың болуы.		
130.	Бейнебақылау және жағдайды бағалау жүйесінің кезекші режимнен жұмысшыға өту уақытының 2 секундынан аспауының болуы.		

	<p>2) ядролық объектідегі жедел жағдайды ескере отырып айқындалатын кезеңділікпен уақыты мен олардың ұзактығын көрсете отырып, жүргізілетін келіссөздерді есепке алу және хаттамалауды;</p> <p>3) басқа абоненттерді рұқсатсыз қосуды болдырмау және мүмкіндігінше осындай фактілерді анықтау, оқшаулау және хаттамалауды;</p> <p>4) пайдалануши ұйымның басшылығы, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғау бөлімшесі, құзет және ден қою күштері, сондай-ақ ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың аумақтық құрылымдық бөлімшелері арасында байланыс арналарын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жедел байланыс және құлақтандыру жүйесінің болуы.</p>		
132.	<p>Байланыстың мынадай түрлерінің болуы:</p> <p>1) тікелей телефон байланысы;</p> <p>2) дауыс зорайтқыш байланыс;</p> <p>3) радиобайланыс.</p>		
	<p>Мыналардың:</p> <p>1) орталық басқару пункті операторының қарауыл бастығымен (аудиосым жетекшісімен), БӘП-пен, сондай-ақ қажетті құрылымдық бөлімшелермен және пайдалануши ұйымның әкімшілігімен;</p>		

133.	2) карауыл бастығының (аудиосым жетекшісіне) күзет бекеттерімен ұйымның ядролық кондырғыларын физикалық қорғау жүйесінде тікелей телефон байланысының мынадай түрлерінің болуы.		
134.	Абоненттермен циркулярлық байланыс, сондай-ақ қалалық автоматтандырылған телефон байланысына косылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін автономды орталық басқару пункті операторының тікелей телефон байланысының болуы.		
135.	Жылжымалы нарядтармен және дабыл топтарымен келіссөздер жүргізу үшін әрбір 100-150 м сайын штепсельдік розеткалар нарядтарының сокпағы бойымен периметр бойынша байланысты ұйымдастыру үшін кондырғының болуы.		
136.	Әзірленген хабарлау жоспарының болуы.		
137.	Мыналардың: 1) авариялық және күзеттік жарықтандыруды қосумен; 2) эвакуациялау процесін қынданаттын (өту жолдарында, тамбурларда, саты торларында және басқа жерлерде адамдардың топталуы) дүрбеленің және басқа да көріністердің алдын алуға бағытталған арнайы әзірленген мәтіндерді берумен;		

	<p>3) эвакуациялау бағыттары мен жолдардың жарық нұсқағыштарын қосумен;</p> <p>4) қосымша эвакуациялық шығу есіктерін қашықтан ашумен (мысалы, электр магниттік құлыштармен жабдықталған) ілесіп журушінің хабарлау жүйесі бойынша адамдарды эвакуациялаудың болуы.</p>		
138.	Басқа мақсаттағы сигналдардан ерекшеленетін хабарлау жүйесінің болуы.		
139.	Адамдар тұрақты немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естуді қамтамасыз ететін хабарлағыштар санының, олардың қуатының болуы.		
140.	Тыйым салынған аймақтың периметрі бойынша дауыс зорайтқыштардың ядролық кондырғысын қолданудың болуы. Олар жарықтандыру тіректеріне, ғимараттар мен конструкциялардың қабырғаларына орнатылады.		
141.	Тыйым салынған аймақтың периметрі бойынша дауыс зорайтқыштардың дұрыс орналасуы мен санының болуы.		
142.	<p>Мыналардың:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) анық ақпарат беруді; 2) жұмыс істеуінің үздіксіздігін; 3) хабарламаларды жеткізуудің тактикалық түрғыдан қолайлы уақытын; 		

	4) жұмыс істеуі туралы ақпаратты жүйелеу, күжаттау және архивтеу; 5) әртүрлі қауіпсіздік түрлерінің жүйелік элементтерімен ақпарат алмасуын қамтамасыз ететін телекоммуникация жүйесінің болуы.		
143.	Телекоммуникация жүйесінде жұмыс қабілеттілігі үшін функционалдық манзызы бар ақпарат кешенінің резервтік және балама беру арналарын қарастырудың болуы (арналарды резервтеу, маршрутизаторларды қолдану).		
144.	Ақпараттың осалдығын төмендететін және ақпаратқа рұқсатсыз (заңсыз) қол жеткізуге, оның ағуына немесе жогалуына кедергі келтіретін ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық құралдар, әдістер мен шаралар кешенін білдіретін ақпаратты қорғау жүйесінің болуы.		
145.	Ақпаратты қорғаудың негізгі элементтерінің болуы: 1) қорғалуга жататын ақпаратты айқындау; 2) құпия ақпаратқа қол жеткізуге ресми рұқсат берілген адамдарды тағайындау; 3) құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар .		
	Ақпаратты қорғау шараларының болуы: 1) басқару пункттерін қорғалған орындаудағы жағдықпен жарақтандыру;		

146.	<p>2) есептеу техникасы құралдарында лицензиялық жүйелік бағдарламалық камтылымды пайдалану;</p> <p>3) қызмет көрсетуші персоналдың, сондай-ақ басқа да адамдардың санкцияланбаған іс-қимылдарына кедергі жасау;</p> <p>4) қолданбалы бағдарламалық камтамасыз етуді декларацияланбаған мүмкіндіктердің жоқтығына тексеру;</p> <p>5) акпаратты сымды, радио – байланыс арналары арқылы беру кезінде оны қорғау құралдары кешенін пайдалану (экрандау, шуылдату, бұркемелеу, қолжетімділікті шектеу жөніндегі ұйымдастыру шаралары, акпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдану).</p>		
147.	<p>Суық және оқпен атылатын каруды, құрамында металы бар жарылғыш құрылғыларды (гранаталарды) табуды қамтамасыз ететін металл детекторлардың болуы.</p>		
148.	<p>Техникалық тексеріп-қарау құралдарының болуы:</p> <p>1) металл детекторлар;</p> <p>2) ядролық кондырғылардағы жарылғыш заттардың детекторлары;</p> <p>3) радиоактивті сәулелену детекторлары;</p> <p>4) тексеріп қарау эндоскоптары мен айналары.</p>		
149.	<p>Айнымалы токтың екі тәуелсіз көзінен электр қабылдағыштарды</p>		

	коректендіруді жүзеге асырудың болуы.		
150.	Электрмен жабдықтауда үзіліссіз автоматты түрде резервтік электрмен жабдықтауға көшуді жүзеге асырудың болуы.		
151.	Арнайы үй-жайларда тартпа желдеткішімен жабдықталған стеллаждарда немесе арнайы аккумуляторлық шкафтарда аккумуляторлық батареялардың орнатылуы.		
152.	Қол жетімділігі шектеулі арнайы жабдықталған үй-жайларда электр коректендіру құрылғыларын (түзеткіштер, зарядтау-разрядты қалқандар, топтық ток тарату қалқандары) орнатудың болуы.		
153.	<p>Қамтамасыз ететін ядролық қондырығыны күзеттік жарықтандырудың болуы :</p> <p>1) наряд сокпағына дейін тыйым салынған аймақтарды, сондай-ақ БӨП-ті қажетті біркелкі жарықтандыру;</p> <p>2) күзет бекеттерін бүркемелеуге;</p> <p>3) күзет дабылы іске косылған кезде коршау периметрінің жекелеген участекелерінде жарықтандыруды автоматты түрде косу;</p> <p>4) периметр участекелері мен күзетіletіn аймақтарды карауылдық үй-жайдан жарықтандыруды қолмен косуға жол берілмейді;</p> <p>5) ғимаратқа кіреберістерді ішкі және аса маңызды</p>		

	а́ймақтармен жарықтандыру.		
154.	<p>Күзет және ден қою қүштері үй-жайларының, БӘП-тің, ғимараттарға кіреберістердің, а в а р и я л ы қ жарықтандырумен санатталған үй-жайлардың дәліздерінің қосымша жабдықтарының болуы. Жұмыс жарығының а в а р и я л ы қ жарықтандыруға және кері ауысуы автоматты түрде жүзеге асырылады.</p>		
155.	<p>Ядролық қондырғыда персоналдың физикалық корғаудың техникалық құралдарын пайдалануға рұқсатының болуы:</p> <p>1) функционалдық міндеттер көлемінде физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалануда практикалық дағдылары бар, арнайы даярлықтан және тағылымдамадан өткен;</p> <p>2) физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарының материалдық бөлігін, пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі регламентті, қауіпсіздік техникасы жөніндегі тиісті біліктілік тобы бар қауіпсіздік жөніндегі талаптарды білу жөніндегі біліктілік комиссиясына сынақ тапсырған адам қатыса алмайды;</p> <p>3) пайдаланушы ұйым берген физикалық корғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану құқығына қуәлік алған адам пайдалана алмайды.</p>		

156.	Физикалық қорғау жүйелерін пайдаланатын персоналда физикалық қорғау жүйелерін пайдалану регламентін білуін тексерудің белгіленген кезеңділігінің болуы.		
157.	Физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жоспарының болуы.		
158.	Физикалық қорғаудың техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуіндің болуы.		
159.	Жоспарлы-алдын алу жүйесі бойынша жүргізілген физикалық қорғаудың техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсетудің регламенттік жұмыстарының кезеңділігін сақтаудың болуы.		
160.	Физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалануды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырудың болуы.		
161.	Физикалық қорғаудың техникалық құралдарын пайдаланатын бөлімшелерде жүзеге асырылған физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарына пайдалану құжаттамасын жүргізуіндің болуы.		
162.	Карточкалар мен кітаптар бойынша физикалық қорғаудың техникалық құралдарын есепке алууды жүргізуіндің болуы. Жарамсыз болған		

	физикалық қорғаудың техникалық құралдары есептен шығарылады.		
163.	Ұзак сақтаудағы (бір жылдан астам) физикалық қорғаудың барлық техникалық құралдарын консервациялауды жүзеге асырудың болуы.		
164.	Техникалық жай-күйі мен жұмысқа қабілеттілігін тексеру және физикалық қорғаудың техникалық құралдарын пайдалануды ұйымдастыру жоспарының орындалуы.		
165.	Ядролық қондырғының тыйым салынған аймағында жабдықтың болуы: 1) негізгі қоршаумен; 2) ішкі және сыртқы қоршаумен; 3) нарядтар соқпағымен; 4) Бақылау-із жолағымен; 5) күзеттік жарықтандырумен; 6) физикалық қорғаудың техникалық құралдарымен; 7) байланыс құралдарымен; 8) бақылау мұнараларымен; 9) бекеттік санырауқұлақтармен, траншеялармен-паналармен жабдықталады.		
166.	Тыйым салынған аймак шекараларының барлық периметрі бойынша әрбір 50 метр сайын "Тыйым салынған аймақ. "Өтүге болмайды!" қазак және орыс тілдерінде айқын көрінетін жазбасы бар алдын алу белгілерінің болуы.		

Лауазымды адам (-дар) _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2023 жылғы 30 қантардағы

№ 12 мен

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

2023 жылғы 30 қантардағы

№ 43 Бірлескен бұйрыққа

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 747 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 811 бірлескен бұйрығына

3-қосымша

Тексеру парағы

Атом энергиясын пайдалану саласында.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес Табиғи уран өндіру және өндеу қондырғыларын, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттерін, радионуклидті көздерді сақтау пункттерін, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтарды көмү пункттерін, пайдаланылып болған радионуклидті көздерді көмү пункттерін пайдаланатын субъектілерге және изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, радиофармпрепараттармен, нейтрон генераторларымен, құрамында уран бар заттармен, құрамында торий бар заттармен, табиғи уранның қайта өнделген өнімдерімен, активтілігі көрсетілген жабық радионуклидті көздермен, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтармен, радиоизотоптық спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен,

өлшеуіштермен, стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптармен, көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптармен, қол жүгін, бағажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылармен, энергиясы 10 мегаэлектронволттан жоғары электрондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронволт/нуклонға дейін иондарды үдеткіштермен, энергиясы 2

99.	БӨП автоматтандырылған немесе механикалық қол құрылғыларымен, турникеттермен, кішкене қақпалармен, тексеру жүргізу үшін қажеттілігіне немесе қызметтік қажеттілігіне қарай металдардың әртүрлі түрлерін тануға қабілетті стационарлық және қол құралдарымен жабдықталуы. Сондай-ақ тексеру үшін алға -,		

	<p>бета-және гамма-сәулеленуді анықтауды қамтамасыз ететін жарылғыш заттар мен радиоактивті материалдарды тануға арналған детекторлар қолданылады.</p>		
100.	<p>Көлік құралдарына арналған БӨП жабдығының электр жетегі және қашықтан басқарылатын сыртқы және ішкі үлгілік жылжымалы немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды авариялық тоқтатуға және қолмен ашуға арналған құрылғылармен жабдықталуы. Қақпалар өздігінен ашылуды (қозғалысты) болдырмау үшін шектегіштермен немесе тоқтатқыштармен жарақталады.</p>		
101.	<p>Автокөлік БӨП-ке аппаратын жол участекелерінде қақпадан 30 м аспайтын қашықтықта 90 градус бұрылыштың болуы; бұл участекелер олардың өту мүмкіндігін болдырмайтын бетон конструкциялармен қоршалады. Таранға карсы құрылғының басқа конструктивті шешімі рұқсат етіледі.</p>		
102.	<p>Автокөлік құралдарына арналған БӨП-ті қарau алаңдарымен немесе оларды қарau үшін эстакадалармен, шлагбаумдармен, ал теміржол көлігі үшін – жылжымалы теміржол құрамын тексеруге арналған мұнарамен және алаңмен жабдықтаудың болуы.</p>		

103.	Бағдаршамдармен және жол белгілерімен кіру және шығу жабдықталуы.		
104.	Ұзындығы кемінде 20 м және ені әрбір жағынан жүк автомашинасының енінен кемінде 3 м машиналарды тексеру алаңының болуы.		
105.	Машиналарды қарап тексеру алаңы жабдықталуы машиналарды төменин қарап тексеруге арналған шұңқырмен, машиналарды жоғарыдан және бүйірінен қарап тексеруге арналған мұнаралармен немесе эстакадамен коршалады және негізгі қоршау түрі бойынша қоршаумен коршалады.		
106.	Темір жол БӨП жабдықтарының болуы: 1) жол қақпаларымен және вагондарды тексеру аландарамен; 2) электромеханикалық жетекпен және қолмен ашу механизмімен; 3) көліктің ядролық объектіге (объектіден) рұқсатсыз кіруін және жылжымалы құрамның қақпаға кездейсоқ соғылуын болдырмау үшін көлікті мәжбүрлеп тоқтату құрылғыларымен (салу брустары, түсіргіш бағыттамалар, аулаушы түйіктар) жабдықталады .		
107.	Қарау мұнараларының, ауыстырмалы көпірлердің, қарау эстакадаларының, басқыштардың, аспалы басқыштардың қарау аландарамен катар теміржол көлігін қарау үшін қолданудың болуы.		

108.	Бір мезгілде 3-4 вагонды тексеріп қарau есебінен ұзындығы бойынша вагондарды тексеріп қарau алаңы көлемінің болуы.	
109.	Вагондарды төмennен тексеруге арналған шұңқырмен және бүйірден және жоғарыдан тексеруге арналған мұнаралармен немесе эстакадалармен тексеру алаңы жабдықталуы.	
110.	Аланың журу бөлігінде екі желімен және ақ бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған "Токта" жазуларымен шектелген көлікті қарau үшін тоқтату орны бөлінуінің болуы. "Токта" деген тақтайшаларды орнатуға жол беріледі.	
111.	Негізгі және қосалқы қақпалардың сыртқы жағынан қарau алаңына кіру алдында олардан 3 м жақын емес көлденең сызық пен "Токта" деген жазудың болуы.	
112.	Көлік қозгалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қақпадан он жағынан немесе жолдың үстінен кемінде 100 м қашықтықта "бір қатардағы қозгалыс" көрсеткіш белгісін, ал 50 м-де – жылдамдықты 5 километр/сағатқа (бұдан әрі – км/сағ) дейін шектеу белгісінің болуы.	
113.	Қақпаны басқару пультінің БӨП-те немесе оның сыртқы қабырғасында орналасуы, бұл ретте пультке бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.	

	БӨП үй-жайын байланыс, өрт сөндіру күралдарымен және Орталық басқару пунктіне қосылған дабыл сигнализациясы жүйесімен жарактандырудың болуы.	
114.		
115.	Физикалық қорғаудың техникалық құралдары кешенінің қандай да бір элементі істемеген немесе істен шыққан жағдайда физикалық қорғау жүйесінің жұмыс істеуін бұзбаудың болуы.	
116.	Орталық немесе жергілікті басқару пункттері операторларының физикалық қорғаудың техникалық құралдарын басқаруды жүзеге асыруының болуы.	
117.	Тікелей ішкі аймакта орталық басқару пункті мен жергілікті басқару пунктінің орналасуы.	
118.	Санкцияланбаған әрекеттерді жасау әрекеттері мен фактілерін анықтауға және күзет және ден қою күштерінің осы оқиғалар туралы хабардар етуге арналған күзет сигнализациясы жүйесінің болуы.	
	Күзет сигнализациясын қамтамасыз етудің болуы : 1) санкцияланбаған қол жеткізуді анықтау; 2) орталық немесе жергілікті басқару пункттеріне анықтау құралдарының іске қосылуы туралы сигнал беруді және осы оқиғаны хаттамалауды қамтиды; 3) физикалық қорғау жүйесінде болып жатқан барлық оқиғалардың	

119.	<p>архивін оларды кейіннен бір мәнді сәйкестендіру үшін барлық қажетті мәліметтерді (күрылғының типі мен номірі, оқиғаның типі мен себебі, оның басталған күні мен уақыты) тіркей отырып жүргізу;</p> <p>4) күзеттен бақылаусыз алу және күзетке қою мүмкіндігін болғызбау мақсатында жүзеге асырылады;</p> <p>5) табу құралдарын (табу құралдары тобын) бақылауға (бақылаудан алуға) қабылдау (алу) функциясы жүзеге асырылған жағдайларда жүргізіледі.</p>		
120.	<p>Периметрді анықтау құралдарымен қамтамасыз етудің болуы :</p> <p>1) әрекеттің үздіксіздігі;</p> <p>2) бұзушылық орнын анықтау және қажет болған жағдайда бұзушының қозғалысын бағыттау.</p>		
121.	<p>Дабыл-шакыру сигнализациясымен қамтамасыз етудің болуы :</p> <p>1) күзет және ден қою күштерін қүрылғылардың іске қосылуы туралы хабардар ету;</p> <p>2) шакыру орнын анықтау;</p> <p>3) оны орнатудың күпиялышы және шакыру қүрылғысын пайдаланудың ыңғайлылығы;</p> <p>4) бақылаудан алу мүмкін болмаған жағдайларда;</p> <p>5) іске қосылу туралы сигналдардың күзет сигнализациясы жүйесі</p>		

	<p>құрылғыларының іске қосылуы туралы сигналдардан айырмашылығы;</p> <p>6) жергілікті және орталық басқару пункттері операторларының, күзет және дең қою күштерінің тікелей күзет бекеттерінде, олар алдын ала берілген маршрутты патрульдеу кезінде, сондай-ақ ядролық обьектіге еткізу режимін жүзеге асыратын бақылаушылардың тыныс-тіршілігін бақылауды камтиды.</p>		
122.	<p>Күзет бекеттерінде, БӨП-те, қорғалған аймақтың периметрі бойынша әрбір 100-150 м сайын, аса маңызды аймақтардың ғимараттарына, құрылыштарына және үй-жайларына кіреберістерде дабыл-шақыру сигнализациясы құрылғыларының орнатылуы.</p>		
123.	<p>Акпаратты жинау және өндіу жүйесімен мынадай жағдайлардың индикациясын камтамасыз етудің болуы :</p> <p>1) әрбір анықтау құралының іске қосылуы;</p> <p>2) анықтау құралдарының ақаулығы;</p> <p>3) байланыс желісінің ақаулығы;</p> <p>4) электр қуатының жоғалуы;</p> <p>5) байланыс желісі параметрлерінің өзгеруі және анықтау құралдарын блоктан шыгару әрекеттері;</p>		

	6) электрондық жабдықты ашу әрекеттері .		
124.	<p>Камтамасыз ететін акпаратты жинау және өндеу жүйесінің жұмыс істеуінің болуы:</p> <p>1) анықтау құралдарының кез келген жай-күйі кезінде байланыс желілерінің ақаусыздығы мен жұмысқа қабілеттілігін тұрақты автоматты бақылау (косулы, өшірулі);</p> <p>2) анықтау құралдарын қашықтан қосу (ажырату) ;</p> <p>3) тікелей ядролық объектіде табу құралдарын санкцияланған ажырату болып табылады;</p> <p>4) күзетілетін үй-жайларға санкцияланған кіру рұқсаты;</p> <p>5) күзет персоналының (желілік) жұмысын бақылауды ұйымдастыру;</p> <p>6) жарықтандыруды қашықтан басқару;</p> <p>7) қауіпті жағдайлардың басымдығы;</p> <p>8) оқиғаларды архивтеу;</p> <p>9) ақпаратты жинау және өндеу жүйесінің ең жоғары сыйымдылығынан кемінде 20% сыйымдылық бойынша резерв немесе сыйымдылықты тұрақты өсіру мүмкіндігі;</p> <p>10) шеткегі құрылғыларды басқару;</p> <p>11) анықтау құралдарының электрмен коректенуін қашықтан басқару.</p>		

125.	<p>Камтамасыз етушіге кіруді бақылау және басқару жүйесінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аумаққа, күзетілетін үй-жайларға, ғимараттарға, құрылыштарға және аймактарға рұқсатсыз кіруді болғызыбау (немесе барынша мүмкін кедергі жасауды жасау). Санкцияланбаған кіру әрекеттері анықталған жағдайда, сондай-ақ өткізу құрылғылары мен терминалдар конструкцияларының элементтеріне күштік әсер ету фактілері анықталған кезде тиісті ақпарат жергілікті және орталық басқару пункттерінің операторына ұсынылады; 2) персоналдың, іссапарға жіберілген адамдардың және келушілердің өту және оту бойынша талаптарды бұзу фактілері туралы ақпаратты сактау; 3) рұқсаттамаларды дайындау, дайындалған және берілген рұқсаттамаларды архивтеу. 		
126.	<p>Бақылау және басқару жүйесінің (адам және көлік БӨП) өткізу құрылғыларының конструкцияларын олардың авариялық қолмен ашылу мүмкіндігін қамтамасыз етудің болуы.</p>		
	<p>Мыналарды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) операторға ядролық обьектідегі және оның күзетілетін аймактарындағы, ғимараттардағы, құрылыштардағы және үй-жайлардағы жағдай 		

	<p>туралы қажетті және жеткілікті ақпарат беруді;</p> <p>2) санкцияланбаған іс-әрекет жасау фактісі анықталған жағдайда жағдайды бағалау үшін ақпарат беру және оны жасау фактісін бейне растауды;</p> <p>3) туындастын штаттан тыс жағдайларды кейіннен талдау үшін қажетті көлемде ақпаратты көрсету, тіркеу және архивтеуді;</p> <p>4) нормативтік құжаттарда айқындалған, оны пайдаланудың барлық жағдайлары кезіндегі жұмыс қабілеттілігін;</p> <p>5) ақаулықтардың болуын бақылауды (бейнесигналдың жоғалуы, жабдықты ашу, байланыс желілеріне қол жеткізу әрекеттері), бұл туралы басқару пункттерінің операторларын хабардар ету және осы ақпаратты архивтеуді қамтамасыз ететін бейнебақылау және жағдайды бағалау жүйесінің болуы.</p>		
128.	<p>Бейнекамераның қорғалған аймағының периметрін әрбір участкеде көршілес участкелердің бейнекамераларының ең болмағанда біреуі тікелей көрінетіндей етіп бейне бақылауды үйымдастырудың болуы.</p>		
129.	<p>Бейнекамераларды рұксатсыз кіру қын болатындей етіп орнатудың болуы.</p>		
130.	<p>Бейнебақылау және жағдайды бағалау жүйесінің кезекші режимнен жұмысшыға</p>		

	<p>өту уақытының 2 секундынан аспауының болуы.</p>	
131.	<p>Мыналарды:</p> <p>1) ядролық объектінің бүкіл аумағында және оған жақын манда, оның барлық гимараттарында, құрылыштары мен үй-жайларында барлық рұқсат етілген жұмыс режимдерінде, оның ішінде пайдалануши ұйымда ядролық материалдарды ішкі тасымалдау процесінде сенімді және үздіксіз жұмыс істеуді;</p> <p>2) ядролық объектідегі жедел жағдайды ескере отырып айқындалатын кезеңділікпен уақыты мен олардың ұзактығын көрсете отырып, жүргізілетін келіссөздерді есепке алу және хаттамалауды;</p> <p>3) басқа абоненттерді рұқсатсыз қосуды болдырмау және мүмкіндігінше осындағ фактілерді анықтау, оқшаулау және хаттамалауды;</p> <p>4) пайдалануши ұйымның басшылығы, ядролық материалдар мен ядролық кондырғыларды физикалық қорғау бөлімшесі, құзет және ден қою күштері, сондай-ақ ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың аумақтық құрылымдық бөлімшелері арасында байланыс арналарын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жедел байланыс және</p>	

	құлақтандыру жүйесінің болуы.		
132.	Байланыстың мынадай түрлерінің болуы: 1) тікелей телефон байланысы; 2) дауыс зорайтқыш байланыс; 3) радиобайланыс.		
133.	Мыналардың: 1) орталық басқару пункті операторының қарауыл бастығымен (аудиосым жетекшісімен), БӨП-пен, сондай-ақ қажетті құрылымдық бөлімшелермен және пайдаланушы ұйымның әкімшілігімен; 2) қарауыл бастығының (аудиосым жетекшісіне) күзет бекеттерімен ұйымның ядролық кондырғыларын физикалық қорғау жүйесінде тікелей телефон байланысының мынадай түрлерінің болуы.		
134.	Абоненттермен циркулярлық байланыс, сондай-ақ қалалық автоматтандырылған телефон байланысына косылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін автономды орталық басқару пункті операторының тікелей телефон байланысының болуы.		
135.	Жылжымалы нарядтармен және дабыл топтарымен келіссөздер жүргізу үшін әрбір 100-150 м сайын штепсельдік розеткалар нарядтарының соқпағы бойымен периметр бойынша байланысты ұйымдастыру үшін кондырғының болуы.		

136.	Әзірленген хабарлау жоспарының болуы.		
137.	<p>Мыналардың:</p> <p>1) авариялық және күзеттік жарықтандыруды қосумен;</p> <p>2) эвакуациялау процесін киындататын (өту жолдарында, тамбурларда, саты торларында және басқа жерлерде адамдардың топталуы) дүрбелеңнің және басқа да көріністердің алдын алуға бағытталған арнайы әзірленген мәтіндерді берумен;</p> <p>3) эвакуациялау бағыттары мен жолдардың жарық нұсқағыштарын қосумен;</p> <p>4) қосымша эвакуациялық шығу есіктерін қашықтан ашумен (мысалы, электр магниттік құлыштармен жабдықталған) ілесіп жүрушінің хабарлау жүйесі бойынша адамдарды эвакуациялаудың болуы.</p>		
138.	Басқа мақсаттағы сигналдардан ерекшеленетін хабарлау жүйесінің болуы.		
139.	Адамдар тұрақты немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естуді қамтамасыз ететін хабарлагыштар санының, олардың қуатының болуы.		
140.	Тыйым салынған аймақтың периметрі бойынша дауыс зорайтқыштардың ядролық кондырғысын колданудың болуы. Олар жарықтандыру тіректеріне, ғимараттар мен конструкциялардың		

	кабырғаларына орнатылады.		
141.	Тыйым салынған аймақтың периметри бойынша дауыс зорайтқыштардың дұрыс орналасуы мен санының болуы.		
142.	Мыналардың: 1) анық ақпарат беруді; 2) жұмыс істеуінің үздіксіздігін; 3) хабарламаларды жеткізудің тактикалық тұрғыдан колайлы уақытын; 4) жұмыс істеуі туралы ақпаратты жүйелеу, күжаттау және архивтеу; 5) әртүрлі қауіпсіздік түрлерінің жүйелік элементтерімен ақпарат алмасуын қамтамасыз ететін телекоммуникация жүйесінің болуы.		
143.	Телекоммуникация жүйесінде жұмыс қабілеттілігі үшін функционалдық манзызы бар ақпарат кешенінің резервтік және балама беру арналарын карастырудың болуы (арналарды резервтеу, маршрутизаторларды қолдану).		
144.	Ақпараттың осалдығын төмөндөтетін және ақпаратқа рұқсатсыз (зансыз) қол жеткізуге, оның ағуына немесе жоғалуына кедергі келтіретін үйымдастырушылық, техникалық, технологиялық құралдар, әдістер мен шаралар кешенін білдіретін ақпаратты қорғау жүйесінің болуы.		

145.	<p>Ақпаратты қорғаудың негізгі элементтерінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) корғалуға жататын ақпаратты айқындау; 2) күпия ақпаратқа қол жеткізуге ресми рұқсат берілген адамдарды тағайындау; 3) күпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар . 		
146.	<p>Ақпаратты қорғау шараларының болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) басқару пункттерін корғалған орындаудағы жағды қпен жарақтандыру; 2) есептеу техникасы құралдарында лицензиялық жүйелік бағдарламалық қамтылымды пайдалану; 3) қызмет көрсетуші персоналдың, сондай-ақ басқа да адамдардың санкцияланбаған іс-қимылдарына кедергі жасау; 4) қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді декларацияланбаған мүмкіндіктердің жоқтығына тексеру; 5) ақпаратты сымды, радио – байланыс арналары арқылы беру кезінде оны қорғау құралдары кешенін пайдалану (экрандау, шуылдату, бүркемелеу, колжетімділікті шектеу жөніндегі ұйымдастыру шаралары, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдану). 		
147.	<p>Суық және оқпен атылатын қаруды, құрамында металы бар жарылғыш құрылғыларды (гранаталарды) табуды</p>		

	камтамасыз ететін металл детекторлардың болуы.		
148.	Техникалық тексеру құралдарының болуы: 1) металл детекторлар; 2) ядролық кондырғылардағы жарылғыш заттардың детекторлары; 3) радиоактивті сәулелену детекторлары; 4) тексеріп қарау эндоскоптары мен айналары.		
149.	Айнымалы токтың екі тәуелсіз көзінен электр қабылдағыштарды қоректендіруді жүзеге асырудың болуы.		
150.	Электрмен жабдықтауда үзіліссіз автоматты түрде резервтік электрмен жабдықтауға көшуді жүзеге асырудың болуы.		
151.	Арнайы үй-жайларда тартпа желдеткішімен жабдықталған стеллаждарда немесе арнайы аккумуляторлық шкафтарда аккумуляторлық батареялардың онатылуы.		
152.	Қол жетімділігі шектеулі арнайы жабдықталған үй-жайларда электр қоректендіру құрылғыларын (түзеткіштер, зарядтау-разрядты қалқандар, топтық ток тарату қалқандары) онатудың болуы.		
	Камтамасыз ететін ядролық кондырғыны құзеттік жарықтандырудың болуы : 1) наряд соқпағына дейін тыйым салынған		

	<p>аймақтарды, сондай-ақ БӨП-ті қажетті біркелкі жарықтандыру;</p> <p>2) күзет бекеттерін бұркемелеуге;</p> <p>3) күзет дабылы іске қосылған кезде қоршау периметрінің жекелеген участкелерінде жарықтандыруды автоматты түрде қосу;</p> <p>4) периметр участкелері мен күзетілетін аймақтарды қарауылдық үй - жайдан жарықтандыруды қолмен қосуға жол берілмейді;</p> <p>5) гимаратқа кіреберістерді ішкі және аса маңызды аймақтармен жарықтандыру.</p>		
153.	<p>Күзет және ден қою күштері үй-жайларының, БӨП-тің, гимараттарға кіреберістердің, авариялық жарықтандырумен санатталған үй-жайлардың дәліздерінің қосымша жабдықтарының болуы. Жұмыс жарығының авариялық жарықтандыруға және кері ауысуы автоматты түрде жүзеге асырылады.</p>		
154.	<p>Ядролық қондырғыда персоналдың физикалық қорғаудың техникалық құралдарын пайдалануға рұқсатының болуы:</p> <p>1) функционалдық міндеттер көлемінде физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалануда практикалық дағдылары бар, арнайы даярлықтан және тағылымдамадан өткен;</p> <p>2) физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық</p>		

155.	<p>құралдарының материалдық бөлігін, пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі регламентті, қауіпсіздік техникасы жөніндегі тиісті біліктілік тобы бар қауіпсіздік жөніндегі талаптарды білу жөніндегі біліктілік комиссиясына сынақ тапсырған адам қатыса алмайды;</p> <p>3) пайдалануши ұйым берген физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану құқығына қуәлік алған адам пайдалана алмайды.</p>		
156.	<p>Физикалық қорғау жүйелерін пайдаланатын персоналда физикалық қорғау жүйелерін пайдалану регламентін білуін тексерудің белгіленген кезеңділігінің болуы.</p>		
157.	<p>Физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жоспарының болуы.</p>		
158.	<p>Физикалық қорғаудың техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуінің болуы.</p>		
159.	<p>Жоспарлы-алдын алу жүйесі бойынша жүргізілген физикалық корғаудың техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсетудің регламенттік жұмыстарының кезеңділігін сақтаудың болуы.</p>		
	<p>Физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалануды материалдық-техникалық</p>		

160.	камтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырудың болуы.		
161.	Физикалық қорғаудың техникалық күралдарын пайдаланатын белімшелерде жүзеге асырылған физикалық қорғаудың инженерлік-техникалық күралдарына пайдалану күжаттамасын жүргізуіндік болуы.		
162.	Карточкалар мен кітаптар бойынша физикалық қорғаудың техникалық күралдарын есепке алуды жүргізуіндік болуы. Жарамсыз болған физикалық қорғаудың техникалық күралдары есептен шығарылады.		
163.	Ұзак сақтаудағы (бір жылдан астам) физикалық қорғаудың барлық техникалық күралдарын консервациялауды жүзеге асырудың болуы.		
164.	Техникалық жай-күйі мен жұмысқа қабілеттілігін тексеру және физикалық қорғаудың техникалық күралдарын пайдалануды ұйымдастыру жоспарының орындалуы.		
165.	Ядролық қондырғының тыйым салынған аймағында жабдықтың болуы: 1) негізгі қоршаумен; 2) ішкі және сыртқы қоршаумен; 3) нарядтар соқпағымен; 4) Бақылау-із жолағымен; 5) күзеттік жарыктандырумен; 6) физикалық қорғаудың техникалық күралдарымен;		

	7) байланыс құралдарымен; 8) бақылау мұнараларымен; 9) бекеттік саңырауқұлактармен, траншеялармен-паналарм ен жабдықталады.	
166.	Тыйым салынған аймақ шекараларының барлық периметрі бойынша әрбір 50 метр сайын "Тыйым салынған аймақ. "Өтүге болмайды!" қазақ және орыс тілдерінде айқын көрінетін жазбасы бар алдын алу белгілерінің болуы.	

Лауазымды адам (-дар) _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2023 жылғы 30 қаңтардағы

№ 12 мен

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

2023 жылғы 30 қаңтардағы

№ 43 Бірлескен бұйрыққа

6-қосымша

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 747 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 811 бірлескен бұйрығына

6-қосымша

Тексеру парағы

Атом энергиясын пайдалану саласында._____

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес Табиғи уран өндіру және өндеу қондырғыларын, активтілігі жоғары, орташа және

тәмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттерін, радионуклидті көздерді сақтау пункттерін, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін, пайдаланылып болған радионуклидті көздерді көму пункттерін пайдаланатын субъектілерге және изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, радиофармпрепараттармен, нейтрон генераторларымен, құрамында уран бар заттармен, құрамында торий бар заттармен, табиғи уранның қайта өндөлген өнімдерімен, активтілігі көрсетілген жабық радионуклидті көздермен, активтілігі жоғары, орташа және тәмен радиоактивті қалдықтармен, радиоизотоптық спектрометрлермен, талдағыштармен, датчиктермен,

өлшеуіштермен, стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптармен, көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптармен, қол жүгін, бағажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылармен, энергиясы 10 мегаэлектронновольттан жоғары электрондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронновольт/нуклонға дейін иондарды үдеткіштермен, энергиясы 2 мегаэлектронновольт/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштермен, медициналық гамма-терапиялық қондырғылармен, медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдықмен, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің

радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдаумен, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеумен, стационарлық рентгендік дефектоскоптармен, көшпелі

рентгендік дефектоскоптармен, энергиясы 10 мегаэлектронновольтқа дейін электрондарды үдеткіштермен қызметтің жүзеге асыратын және атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсететін бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылауды/тексеруді жүргізуге

арналған атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсететін субъектілерге

қатысты.

Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атавы Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға жолданған ядролық материалдардың болуы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы		

	алдын ала хабарламалар мен есептердің болуы		
2.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жолданған есептердің болуы		
3.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға жолданған радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санатты радионуклидті көздерді жоспарланып отырған алу туралы (импорт) алдын ала хабарламаның және жоспарланып отырған жөнелту туралы (экспорт) алдын ала хабарламаның болуы		
4.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен радиациялық объектінің ықтимал қауіптілік санаттарын келісудің болуы		
5.	РАҚ түгендеу бойынша есептердің болуы		
6.	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы күәліктің болуы		
7.	Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті бұзушылықтар туралы ақпарат бермеу немесе жалған ақпарат беру		
	Мерзімді түрде (жылына кемінде 1 рет) ЯРЭҚ әкімшілігінің бұйрығымен ЯРЭҚ-тегі ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін		

8.	тексеру жөніндегі ішкі комиссия тағайындалды. Тексеру нәтижелері бойынша Комиссия актісі жасалып, бекітілді. Бекітілген актінің бір данасы есепті жылдан кейінгі 1 ақпаннан кешіктірілмей уәкілетті органға жіберіледі.		
9.	Иондандыруши сәулелену көздерін (бұдан әрі – ИСК) және сақтау пункттерін физикалық қорғау жоспарының болуы		
10.	Сақтау пункттерін физикалық қорғауды қамтамасыз ету бойынша ақаусыз құрылғылардың болуы: 1) кіруді анықтаудың электрондық жүйелері (периметрлік, жергілікті); 2) араласуды индикациялау жабдығының; 3) күзетілетін бейнебақылау жүйелері; 4) дең қою құштері бар байланыс құралдарының (телефондар, ұялы телефондар, пейджерлер, радиостанциялар) болуы		
11.	ИСК физикалық қорғауды қамтамасыз ету бойынша ақаусыз құрылғылардың: 1) дең қою құштері бар байланыс құралдарының (телефондар, ұялы телефондар, пейджерлер, радиостанциялар); 2) т а б и f i тосқауылдардың (контейнер, құндақ немесе сенімді бекіту); 3) көлік құралындағы сигнализацияның (тасымалды ИСК); 4) тоқтатуды қамтамасыз ететін жабдықтардың (ИСК салынған		

	контейнерде құлып, ИСК салынған контейнерді көлік құралына қауіпсіз бекіту) болуы		
12.	Жеке дозаны есепке алудың толтырылған карточкаларының және дозиметрлерді беру және қабылдау журналының болуы		
13.	Жұмыс орындарындағы радиациялық бақылау журналының және (немесе) радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының болуы және оны тиісінше жүргізу		
14.	<p>Ядролық материалдарды есепке алу және бақылауды қамтамасыз ету бойынша өкімдік күжаттаманың:</p> <p>1) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау бойынша қызметті күру немесе ядролық материалдарды есепке алу және бақылау үшін жауаптыны тағайындау туралы бұйрықтың болуы;</p> <p>2) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау қызметі немесе ядролық материалдарды есепке алу және бақылау үшін жауапты адамды тағайындау туралы бекітілген ереженің болуы;</p> <p>3) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы</p>		
15.	ИСК есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы		

	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ұсынылған ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы есептің деректерімен радиациялық қауіптіліктің 1, 2 және 3-санатты радионуклидті көздердің нақты болуының сәйкестігі		
16.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ұсынылған ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы есептің деректерімен радиациялық қауіптіліктің 4 және 5-санатты радионуклидті көздердің, сондай-ақ иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрфизикалық кондырғылардың болуының сәйкестігі		
17.	Көздердің жұмыс орындарында және коймаларда орналасқан жерлерінің, сондай-ақ объектінің аумағында иондаушы сәулелену тудыратын радиоизотопты аспаптар мен электрфизикалық құрылғылардың орналасқан жерлерінің карта-схемаларының болуы және карта-схемалардың көздердің нақты орналасуымен сәйкестігі		
18.	Атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясының болуы		
19.	Радиациялық шоғырларға калибрлеу жүргізуге		

	және иондауышы сәулелену көздері жұмысының сапасын бақылауға жауапты медициналық физиктердің: 1) медициналық физиктердің шоғырға калибрлеу жүргізу және сапаны бақылау бойынша дипломдарының және арнайы даярлығы туралы күжаттарының; 2) радиотерапиялық қондырғының сапасын бақылау бағдарламасының және шоғырларға калибрлеу жүргізу және сапасын бақылау соңғы хаттамасының болуы		
20.	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі радиоактивті калдықтарға арналған қойманың болуы		
21.	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі радиоактивті заттарға, аспаптарға және қондырғыларға арналған қойманың болуы		
22.	Кұрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы күжаттаманың болуы		
23.	Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы күжаттаманың болуы		
24.	Жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі		
25.			

	мамандандырылған үй-жайлардың болуы		
26.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе занды тұлға берген аппараттың пайдалану параметрлеріне (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасының болуы		
27.	Қолданылатын аспаптардың әрбір параметрі, сынау мерзімділігі бойынша тестілеудің түрлері мен әдістемелерін сипаттай отырып тестілік сынаулар жүргізу бағдарламасының болуы		
28.	Өлшеу құралдарының, бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтардың болуы		
29.	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар құралдар мен кондырғыларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы		
30.	Тиісті білімі, дайындығы бар және жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің мынадай білікті құрамының болуы: 1) еңбек шарттары; 2) біліктілігін және лауазымының функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін теориялық және практикалық дайындықтан өткенін		

	растайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер)		
31.	Жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайларын айқындайтын жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің болуы		
32.	Радиациялық факторлардың белгіленген бақылау деңгейлерінің болуы		
33.	Аварияға қарсы жаттығулар бағдарламасы мен әдіstemесінің болуы		
34.	Уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген, олардың салдарларының болжамы мен радиациялық жағдайының болжамы бар әлеуетті радиациялық авариялар тізбесінің болуы		
35.	Радиациялық авария туындаған кезде жедел шешімдер қабылдау өлшемшарттарының болуы және уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген араласу деңгейлері		
36.	Жұмыс беруші үйымдастыратын персоналдың ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша аттестаттаудан өткенін растайтын құжаттаманың болуы: -қызметкерлердің білімін тексеруді тіркеу журналы -қызметкерлерді даярлау бағдарламасы		

	-персоналдың аттестаттаудан өту графигі -қызметкерлердің білімін біліктілік тексеру жөніндегі комиссияны құру туралы басшының бұйрығы.		
37.	ИСК-пен жұмыс істеу кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламасының болуы		
38.	ЯРЭҚ объектінде туындаған әрбір авариялық жағдайды (инцидентті) тексеру материалдарының болуы		
39.	ЯМ, РЗ, РАҚ тасымалдау кезінде радиациялық корғау бағдарламасының болуы		
40.	Атом энергиясын пайдалану объектілерінде РАҚ-пен жұмыс істеу кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі техникалық құралдар мен үйімдастыру шараларын айқындауға негіз болатын РАҚ-тың барынша ықтимал белсенділігін бағалаудың және есепке алудың болуы.		
41.	РАҚ-пен жұмыс істеу кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламасының болуы		
42.	Объектінің қауіпсіздігін талдау бойынша есептің болуы		
43.	Радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметтің (немесе жауапты адамның) болуы		
44.	Табиғи уранды өндіру және (немесе) онымен жұмыс істеу жөніндегі кәсіпорындардың		

	ядролық физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарының болуы		
45.	Биіктігі кемінде 2,5 м "рабица" металл торынан жасалған, қимасы 1,4 мм сымнан жасалған, ұяшығы 25x25 мм аспайтын мырышталған немесе полимермен қапталған сыртқы коршаудың болуы (темір-бетон қоршауға жол беріледі)		
46.	Сыртқы қоршаудың жоғарғы жиегінде Y - тәрізді кронштейндерге диаметрі 500-600 мм, орамдар арасындағы қашықтық 200 мм аспайтын "Егоза" түріндегі арматураланған тікенді лентадан ("күнқағар") жасалған спиральды қауіпсіздік тоқсауының болуы		
47.	Периметрдің сыртқы қоршауында бекітілмейтін есіктердің, қақпалардың, сондай-ак тесіктердің, ойықтардың және басқа да зақымданулардың болмауы		
48.	Жер деңгейінен кемінде 5 м биіктікте қоршаудың үстінен тік бұрышқа жақын бұрышпен жүзеге асырылған коммуникациялық эстакадалармен сыртқы қоршаудың киылышуының болуы		
49.	"Рабица" торынан немесе диаметрі 500-600 мм, орамдар арасындағы қашықтық 200 мм-ден аспайтын "Егоза" түріндегі арматураланған тікенекті таспадан қауіпсіздік кедергілерінен 1 м қашықтықта барлық		

	шешбер бойынша 5 м-ден төмөн коммуникациялардың киылысу орындарында болуы.		
50.	Фимараттардың бірінші қабаттарының, сондай-ақ одан кейінгі қабаттардың терезелерінде күзетілмейтін аумаққа шығатын кіреберіс күнқағарларынан, өрт сатыларынан және жапсарлас күрылыштардың төбелерінен қолжетімді, диаметрі 8 мм және ұяшықтарының көлемі 150x150 мм шыбықтан жасалған айқара ашылатын металл торлардың не қажет болған жағдайларда жабылатын, не броньды ұлдірмен жабдықталатын металл рольставнның болуы.		
51.	Периметрдің бөлігі болып табылатын бір қабатты фимараттың төбесінде "Егоза" үлгісіндегі арматураланған тікенекті таспадан жасалған спиральды қауіпсіздік тоқсауылының болуы (диаметрі 500-600 мм, орамдар арасындағы қашықтық 200 мм-ден аспайды).		
52.	Автомобиль эстакадаларының жанасу участкесінде, кышқылдарды аумаққа айдауға арналған кіреберістерде, сондай-ақ оның жағына қарай 1,5 м, периметрдің биіктігі 3 м сыртқы коршауының болуы.		
	Күкірт қышқылын айдау орнын қоспағанда, ішкі жағынан периметр		

	коршауының, мұқият жоспарланатын және тазартылатын физикалық қорғаудың техникалық құралдарының кешенін орналастыру үшін иеліктен шығару жолағының болуы. Иеліктен шығару жолағының ені – 2,5 м. Онда техникалық құралдардың жұмысын киыннататын ешқандай құрылыштар мен заттарға жол берілмейді.		
54.	Ішкі аймақтардың ашық алаңдарының қоршау биіктігі 2 м-ден кем емес, "рабица" металл торынан қимасы 1,4 мм сымнан жасалған, ұяшығы 25x25 мм-ден аспайтын мырышпен қапталған немесе полимермен қапталған коршауларының болуы.		
55.	Ішкі аймақ қоршауының жоғарғы жиегінде Y - тәрізді кронштейндердегі диаметрі 500-600 мм, орамдар арасындағы қашықтық 200 мм аспайтын "Егоза" түріндегі арматураланған тікенді лентадан ("күнқағар") жасалған спиральды қауіпсіздік тосқауылының болуы. "Жіп" түріндегі тікенді сымнан күнқағарды кронштейнді сыртқы жағына қарай еңкейте отырып, 3-5 қатарға орнатуга жол беріледі.		
56.	Ішкі аймақтың коршауында бекітілмейтін есіктердің, қақпалардың, кіші қақпалардың, сондай-ак тесіктердің, ойықтардың		

	және басқа да зақымданулардың болмауы.		
57.	Ішкі аймак қоршауының жер деңгейінен кемінде 5 м биіктікте тік бұрышқа жақын бұрышта жүзеге асырылған коммуникациялық эстакадалармен қылышының болуы.		
58.	Коммуникациялардың ішкі аймак қоршауымен қылышу орындарында "рабица" торынан немесе "Егоза" түріндегі арматураланған тікенді лентадан қауіпсіздік кедергілерінен 1 м қашықтықта бұкіл шеңбер бойынша 5 м төмөн корғаныс экрандарының болуы		
59.	Мұқият жоспарланатын және тазаланатын физикалық қорғаудың техникалық құралдарының кешенін орналастыру үшін ішкі аймак периметрінің ішкі жағынан қоршау жолағының болуы. Иелікten шығару жолағының ені кемінде 1 м құрайды, оған техникалық құралдарды колдануды қыннататын ешқандай ғимараттарға, ағаштарға, бұталарға және заттарға жол берілмейді.		
60.	Көлік құралдары үшін ішкі аймақтың ашық алаңына кіру кезінде биіктігі кемінде 2 м орындалған, қоршаумен ұқсас төсемдер толтырылған қақпалардың болуы. Жол жабыны мен Қақпаның арасында 150 мм-ден аспайтын санылауға жол беріледі.		

61.	<p>Қақпаның жоғарғы жағында тікенді сымнан жасалған кедергінің не "Егоза" түріндегі тегіс арматураланған тікенді лентадан жасалған спиральды қауіпсіздік тосқауылының болуы (диаметрі 500-600 мм және орамдар арасындағы қашықтық 200 мм).</p>		
62.	<p>Өткізу режиміне байланысты БӨП-те рұқсаттамаларды, байланыссыз электрондық сәйкестендіргіштерді және механикалық құлыптардың кілттерінің телнұсқаларын сақтауға, тіркеуге арналған арнайы үй-жайдың болуы. Арнайы үй-жайға кіру шектеледі және күзет бақылаудың болады.</p>		
63.	<p>БӨП-ке адамдардың өтуіне арналған жұмысшылар мен қызметшілердің жеке заттарын сақтау камерасының, күзет және ден қою күштерін, техникалық қауіпсіздік жүйелерін (концентраторларды, пульттерді, күзеттік бейнебақылаудың бейнебақылау құрылғыларын) өткелді (өтуді) ашу тетіктерін басқару құрылғыларын және күзеттік жарықтандыруды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайдың және санитариялық тораптың болуы</p>		
	<p>БӨП-ке адамдардың рұқсатсыз өтуін болдырмау үшін қолмен және автоматтандырылған</p>		

64.	басқару мүмкіндігі бар турникет-типодтың жартылай өспелі түрінің, қакпаның бөгөгіш құрылғыларының болуы		
65.	БӨП-те металдардың, радиоактивті заттардың әртүрлі түрлерін тануға қабілетті тексеруге арналған стационарлық және қол детекторларының болуы. Көлік құралдарына арналған БӨП қосымша қол шамдарымен және жарығы бар тексеріп қарау айналарымен жабдықталады.		
66.	БӨП үй-жайы телефон және радиобайланыс, өрт сөндіру құралдарымен және орталық басқару пунктіне қосылған дабыл-шакыру сигнализациясы жүйесімен жабдықтаудың болуы.		
67.	Автокөлік құралдарына арналған БӨП жабдықтарының электр жетегі және қашықтан басқарылатын сыртқы үлгілік жылжымалы (сырғымалы) немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды авариялық тоқтатуға және қолмен ашуға арналған құрылғылардың болуы.		
68.	Біiktігі кемінде 2,5 м металдан жасалған автомобиль қақпаларының болуы. Жол жабыны мен қақпаның арасында 150 мм – дең аспайтын саңылауға жол беріледі. Қақпаның үстіне тікенді сымнан жасалған тосқауыл немесе "Егоза" түріндегі арматураланған тікенді лентадан		

	жасалған тегіс спиральды қауіпсіздік тосқауылы орнатылады (диаметрі және орамдар арасындағы қашықтық – негізгі қоршауға ұқсас).		
69.	Негізгі қоршаудан төмен емес биіктікте айқара ашылатын периметрдің сыртқы қоршауында авариялық автомобиль қақпаларының болуы. Қақпалар өздігінен ашылуын (жабылуын) болдырмайтын тоқтатқыш құрылғылармен, сондай-ақ аспалы құлыш пен пломбалау құрылғысына арналған құрылғылармен жабдықталады.		
70.	Авариялық автомобиль қақпалары төсемінің жоғарғы жиегінде "Егоза" үлгісіндегі арматураланған тікенді лентадан ("күнқағар") жасалған жалпақ спиральды қауіпсіздік тосқауылының болуы (диаметрі және орамдар арасындағы қашықтық – негізгі қоршауға ұқсас).		
71.	Автокөлік құралдарына арналған БӨП-тің арнайы тексеріп-қараста алаңдарымен, көлік құралдарын тексеріп қараста арналған эстакадалармен (шұңқырлармен), ішкі жағынан – электр жетегі бар және қашықтан басқарылатын шлагбауммен жабдықталады.		
72.	Машиналарды карап тексеру алаңы сыртқы қоршаудың периметріне дейін 2,5 м-ден жақын емес орнатылған машиналарды жогарыдан		

	және бүйірден тексеріп қарau үшін эстакадамен жабдықталған машиналарды қарап тексеру алаңының болуы.		
73.	Алаңың жұру бөлігіне екі сзықпен және ақ бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде "Токта" деген жазулармен шектелген, тексеріп қарau үшін көліктің тоқтаған жерін білдіретін таңба салынады. "Токта" деген тақтайшаларды орнатуға жол беріледі.		
74.	Тексеріп қарau алаңына кірер алдында БӨП-тің негізгі және қосалқы қақпаларының сыртқы жағынан оларға 3 м-ден жақын емес "Токта" деген жазуы бар көлденең белгі не "Токта" деген орнатылған тақтайшалардың болуы		
75.	Қақпадан оң жағынан немесе жолдың үстінен кемінде 100 м қашықтықта – "бір катарда козгалыс" деген көрсеткіш белгісінің, ал 50 м – де жылдамдықты 5 км/сағ шектеу белгісінің болуы.		
76.	Теміржол көлігіне арналған БӨП электр жетегі және қашықтан басқарылатын сыртқы үлгілік жылжымалы (сырғымалы) немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды авариялық тоқтатуға және қолмен ашуға арналған құрылғылармен жабдықтаудың болуы.		
77.	Теміржол көлігі үшін БӨП-ті көлікті мәжбүрлеп тоқтату құрылғыларымен (салу білеулері, бағыттамалар (табандықтар)-түсіргіштер		

	<p>, тұйықтар-ұстагыштар) жабдықтаудың болуы.</p>		
78.	<p>Темір жол көлігіне арналған БӨП-тің арнайы тексеріп қаралғанда, жылжымалы темір жол құрамын бүйірінен және үстінен қарап тексеруге арналған мұнарамен жабдықтаудың болуы.</p> <p>Теміржол вагондарын (локомотивтерді) қарап тексеру алаңының өлшемдері: ұзындығы бойынша бір мезгілде 3-4 вагонды тексеріп қаралғанда есебінен және вагонның (локомотивтің) әрбір жағынан 1,5 м кем емес ені бойынша таңдалады.</p>		
Ядролық материалдарды тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар			
	<p>Ядролық материалдарды тасымалдау кезінде оларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ядролық материалды тасымалдау кезінде және уақытша сақтау кезінде ядролық материалдың санатына сәйкес қорғау; 2) жүру жолында ядролық материалдардың болуының жалпы уақытын барынша шектеу; 3) ядролық материалды берудің (бір тасымалдау құралынан екіншісіне қайта тиедін, ядролық материалды уақытша сақтауга берудің және ядролық материалды сақтағаннан кейін алудың, сондай-ақ тасымалдау құралының келуін күтудегі уақытша сақтау операцияларының) саны мен ұзақтығын барынша азайту; 4) тасымалдау шарттарын ескере отырып, көлік 		

- құралдары қозғалысының графигін, кестесін және маршруттын жасау;
- 5) ядролық материалды тасымалдауга қатысатын барлық адамдардың сенімділігіне міндетті түрде алдын ала тексеру жүргізуге міндетті;
- 6) тасымалдау туралы алдын ала ақпараты бар адамдар санын қажетті ең аз мөлшерге дейін жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті;
- 7) катерлерді немесе жобалық катерді орындалған бағалауға сәйкес физикалық корғаудың пассивті және (немесе) белсенді шаралары бар материалдарды тасымалдау жүйелерін пайдалануга жол берілмейді;
- 8) табиғи апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе белгілі бір қауіп бар аймақтардың қиылсызын болдырмайтын маршруттарды анықтау;
- 9) қантамаларды және (немесе) тасымалдау құралдарын персоналдың қатысуының (карауынысы), бұл мүлдем қажет болғаннан ұзак қалдыру мүмкіндігін болдырмау;
- 10) көлік құралын басқаруды, ядролық материалдарды алып жүруді және күзетуді жүзеге асыратын адамдарда тиісті рұқсатының болуын қамтамасыз ету;
- 11) көлік құралдарына белгілер мен жазбалар енгізуі және тасымалдау құжаттарына жүктің сипаты мен көлік

құралдарының мақсаты туралы қуәландыратын жазбалар енгізуді болғызыбау;

12) ядролық материалдарды жөнелтуді жүк алушыдан ядролық материалдарды қабылдауға дайын екендігі туралы жазбаша растама, ал ядролық материалдарды жүк алушы тасымалдаған жағдайда – ядролық материалдарды тасымалдауға лицензия алғаннан кейін ғана жүзеге асыру;

13) ядролық материалдарды тасымалдау туралы хабарламаларды беру үшін кодтау құралдарын және арнайы байланыс арналарын пайдалануға тыйым салынады;

14) жүк алушыға жүктің жөнелтілгені туралы және жүк жөнелтушіге жүктің алынғаны туралы хабарлауды қамтамасыз ету;

15) тасымалданатын ядролық материалдардың қорғалуы мен қауіпсіздігін, жүру жолында немесе жүру маршруты бойынша авариялық жағдай туындаған жағдайда көлік құралына ықтимал шабуылға тойтарыс беруді қамтамасыз ететін косымша шараларды бірлесіп айқындау, бейнелеу мақсатында күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының Қазақстан Республикасының тиісті үлттық қауіпсіздік және

	<p>ішкі істер органдарымен өзара іс-қымылын үйимдастыру;</p> <p>16) ядролық материалдарды тиесінде және жөнелту алдында көлік құралын істен шығаруға, тасымалданатын ядролық материалдарды закымдауға және (немесе) ядролық материалдарға қатысты рұқсатсыз іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін құрылғылардың болмауы тұрғысынан көлік құралдарын қарап-тексеруді жүргізу ді камтамасыз ету.</p>		
80.	Орамдағы, көлік құралындағы, бөліктегі немесе жұк контейнеріндегі құлыштар мен пломбалардың бүтіндігіне тексеру жүргізу ді болуы.		
81.	Көлік құралының орналасқан жері мен оның физикалық қауіпсіздігінің жай-күйіне үздіксіз мониторинг жүргізу ді, сондай-ақ шабуыл жасаған жағдайда ден кою күштеріне хабарлауды және екі жақты байланыстың түрлі физикалық қағидаттарына негізделген кем дегенде екі тәсілмен жүкті алып журумен және ден кою күштерімен қолдауды камтамасыз ету ді болуы		
	<p>Тасымалдаушымен камтамасыз ету ді болуы :</p> <p>1) техникалық жарамды және арнайы жабдықталған көлік құралдарын беру;</p>		

82.	<p>2) көлік құралдарын физикалық қорғаудың инженерлік және техникалық құралдарымен жабдықтау ;</p> <p>3) арнайы дайындықтан өткен және жұмысқа тиісті рұқсаты бар жоғары білікті жүргізушілердің, әкипаждардың немесе бригадалардың көлік құралдарын басқару.</p>		
83.	<p>Әрбір рейс алдында көлік құралдары жүргізушілерінің, тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз етуге тартылған әкипаж немесе бригада мүшелерінің, сондай-ақ күзет персоналының және ілесіп жүретін адамдардың тиісті көлік түрлері үшін нұскамадан және медициналық тексеруден өтуінің болуы</p>		
84.	<p>I және II санаттардағы ядролық материалдарды тасымалдау кезінде күзетуді күзет және ден кою құштерімен жүзеге асырудың болуы</p>		
85.	<p>I және II санаттағы ядролық материалдарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде оның барлық жүру жолында жүкті үздіксіз күзету және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері өкілдерінің қатарынан ілесіп жүруді ұйымдастырудың болуы</p>		
86.	<p>I немесе II санаттағы ядролық материалдарды темір жол көлігімен тасымалдау кезінде</p>		

	физикалық қорғауды арнайы вагондарда жүзеге асырудың болуы		
87.	I немесе II санаттағы ядролық материалдарды тасымалдау кезінде ілесіп жүретін персонал мен күзет және ден қою күштерін жүктен оқшауланған қызметтік үй-жайларда немесе осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған жеке вагондарда орналастырудың болуы		
88.	I немесе II санаттағы ядролық материалдарды физикалық қорғауды әуе көлігімен тасымалдау кезінде тек жүк тасымалдауға ғана арналған әуе кемесінің бортында, құлышталған және пломбаланған қауіпсіз бөліктегі немесе контейнерде жүзеге асырудың болуы.		
89.	Ядролық материал жалғыз жүк болатын жүктерді тасымалдауға ғана арналған әуе кемесінде жүкті әуе көлігімен тасымалдауды орындаудың болуы		
90.	I немесе II санаттағы ядролық материалдарды теңіз және ішкі су көлігімен тасымалдау кезінде физикалық қорғауды мамандандырылған көлік кемесінде жүзеге асырудың болуы		

Лауазымды адам (-дар) _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК